

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

# “КӨРШІЛЕС ҚЫТАЙ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘНГІ, ӘРІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСІНЕ, НАҒЫЗ ДОСЫНА АЙНАЛДЫ”

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақмешіт Ақшамы Газеті

№24  
(1779)  
19 маусым  
2025 жыл  
Бейсенбі

## ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНІ САУ БОЛУ ҮШІН “ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ” ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРУДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада медицина саласы қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзінде айтқандай, расында да “Дәрігер болу – жүректің ісі”. Оған Президент айтқандай “өкінің бірі аяқ баса бермейтін жүгі ауыр, күрделі жұмыс”. Жалпы елімізде 380 мыңға жуық адам

Ақордада өткен дәрігерлермен кездесуде «Денсаулық сақтау жүйесін дамыту, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған. Өйткені медицинаның денгейі мен қолжетімділігі – еліміздегі өмір сапасының негізгі көрсеткіші», – деген болатын. Аймағымызда Мемлекет басшымыздың тапсырмасымен, Үкіметтің қолдауымен

санаспай, күні-түні жасаған қызметтеріңіз үшін тағы да алғысымызды білдіремін! Халыққа әрдайым адал қызмет етіп, абыройлы болыңыздар!» – деп, аймақтың денсаулық саласындағы игі істерді, дәрігерлерге деген ел қолдауын атап айтты. Ел денсаулығын сақтауда жұртшылық ризашылығына, алғысына бөленіп



осы медицина саласында қызмет етеді. Елімізде орташа өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа жетті, ана мен бала өлімі шамамен 12 пайызға азайды десек, бұл дәрігерлердің адал еңбегінің арқасы.

Елімізде соңғы бес жыл ішінде 800-ге жуық емхана, аурухана салыныпты. Ауылдық жердегі денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту үшін арнайы ұлттық жоба жүзеге асып жатыр. Бүгінде 469 ғимарат бой көтеріпті. Жыл соңына дейін әлі салынып, бітетін 186-сы бар екен.

**Жалпы тұрғындар денсаулығын жақсарту үшін алдымен денсаулық саласының материалдық базасын жақсарту, дәрігерлердің тұрмыс жағдайын көтеру, білімін жетілдіру бағытында бірқатар игі істер атқарылуда.**

Қызылордадағы “Өнер” орталығында медицина қызметкерлері күніне арналған “Сыр медицинасының ғаламат ғасыры” атты салтанатты шарада құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі Н.Нәлібаев:

– «Дәрігер – ең ізгі, ең қастерлі мамандық иесі. Сіздер халқымыздың әл-ауқатын арттыруға, дені сау ұлт қалыптастыруға бағытталған жана реформалар мен бағдарламаларды сәтті жүзеге асыру жолында жауапты міндет атқарып келесіздер.

Нағыз дәрігер үшін ең жоғары құндылық – халықтың ыстық ықыласы мен алғысына бөлену. Бүгінгі мерейлі мерекеде сіздердің өлшеусіз еңбектеріңізге барша Сыр жұртшылығының, өзімнің атымнан алғыс айтып, зор ризашылығымызды білдіремін.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы

халық денсаулығын нығайтуға, медицина қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған кешенді шаралар нәтижелі жүзеге асырылуда. Соңғы үш жылда салаға 441 млрд. теңге қаржы бөлініп, халықтың сұранысына сәйкес түйткілді мәселелер шешімін тауып келеді.

Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ауданда 28 медициналық нысан жаңадан салынып, іске қосылды. Төрт көпбейінді аудандық орталық аурухана жанынан қосымша құрылыстар, емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана бой көтеруде. Соңғы үш жылда 24 медициналық нысан күрделі жөндеуден өтті. Халық сұранысына сәйкес барлық елді мекендегі денсаулық сақтау мекемелері санитарлық автокөлікпен 100 пайыз қамтылып, мәселе түбегейлі шешімін тапты.

Жақында Қызылордада өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, кадрларды тұрақтандыру үшін өңіріміздің денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне арнал 100 пәтерлік тұрғын үй салу туралы шешім қабылданды. Қазір құрылыс басталды, жыл соңына дейін аяқталып, пайдалануға берілмек.

Өткен жылы 15 дәрігер, Ресей, Литва, Беларусь елдеріндегі алдыңғы қатарлы клиникаларда біліктілік арттырды.

Жауапкершілігі жоғары салада уақытпен

жүрген абзал ақ халатты жандар аз емес. Солардың бірқатары осы салтанатты шарада марапатталды. Олардың қатарында Қызылорда қалалық көпбейінді ауруханасының кенесші хирург дәрігері Юрий Фотиади «Шпагат» орденімен, «Қазлепрозорий» мекемесі Тасбөгет бөлімшесінің меңгерушісі Анарқұл Нұрғалиева «Шпагат» медалімен марапатталды. Былтырғы жылдан бері Президент тапсырмасымен беріле бастаған «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы сала ардагері Асылбек Тоғызбаевқа табысталды.

Сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» медаліне, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісіне ие болғандар да жетерлік.

Бүгінгі денсаулық сақтау саласына бюджеттен тыс көздер де қамқорлық танытуда. Мәселен, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тұрақты әріптестік байланыс орнатылып, Қор соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 4 млрд. теңгеден астам қаржы бағытталды. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында, Жаңақорған ауданында «Қамқорлық» оналту орталықтары ашылды. Жақын күндері Арал ауданында осындай орталық пайдалануға беріледі. Сирек кездесетін дертке шалдыққандарға қажетті дәрі-дәрмек сатып алынады. Қор облыстық онкология орталығына құны 1 млрд. 100 млн. теңге болатын, еліміздегі 3 облыста ғана бар скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешен табыстады.

## ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР ҚҰРЫЛЫСЫНА МОНИТОРИНГ ЖАСАЛДЫ

«AMANAT» партиясы 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында «Жеке баспана мен жайлы инфрақұрылым» бағыты бойынша сапалы тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру мақсатында қаржыландырудың барлық көздерінен жаңа тұрғын үй құрылысын жүргізуді жоспарлаған болатын. Бұл бағытта өңірде ауқымды жұмыстар атқарылып, апатты және тозығы жеткен тұрғын үйлерімен мұқияттық жасалуда.

Партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйле Төрешова және партия филиалы жанындағы өңірлік даму жөніндегі аймақтық кеңес мүшелері Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2 ауданда салынып жатқан 40-пәтерлі 5 қабатты және 40-пәтерлі

10 кредиттік тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарына мониторинг жүргізді.

Тұрғын үйлердің құрылысы 2024 жылы басталған. Құрылыс жұмыстарына 2024 жылы бюджеттен 5,7 млрд.теңге, 2025 жылы 0,5 млрд қаржы бөлінген. Құрылысты «Орион», «Интергострой», «Техноснастка Ремсервис», «Авангард ПГС», «Промстройсервис-Е», «Асар» ЖШС, «Аман-Құрылыс» ЖШС жүргізуде.

Тапсырыс беруші Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі өкілдері тұрғын үйлер осы жылдың аяғына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарлануда дейді.

Мониторинг барысында кеңес мүшелері құрылыс сапасы, жобасына қатысты өз ойларын айтып, осы бағыттарда жауапты мекемелерге ұсыныс жолдайтындықтарын айтты.



Елімізге ресми іс-сапармен Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпин келді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қадірлі қонақты Ақорда резиденциясында қарсы алды.

**Президент Қ.Тоқаев:**

– Қытай Халық Республикасы – Қазақстанның тату көршісі, жақын досы және сенімді серіктесі. Сан қырлы қазақ-қытай ықпалдастығы Сіздің жеке қолдауыңызбен мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық әріптестік рухында және бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып келе жатыр. Мұны ерекше ықыласпен атап өткім келеді. Ортақ тарихымызға мұқият үңілсек, елдеріміздің арасында ешқандай түйткілдер немесе тосқауылдар болмаған. Тек қана өзара достық пен ықпалдастық, түсіністік пен жылы лебіздер басым болды. Қытай халқы қазақ халқына ешқандай зиян келтірген жоқ.

Қытай Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығында қандай да бір саяси шарт қоймаған. Біздің егемендігіміз бен қауіпсіздігімізге көрсеткен қолдауыңызды бағалаймыз. Қытайдың бейбітшілік бастамаларын қолдаймыз. Еліңіздің әділ әлемдік тәртіп орнату әрекеттерін қуаттаймыз, - деп жүрекжарды тілек білдірді. Олай болатын жөні де бар.

Қытай Халық Республикасы Қазақстанның ең ірі сауда-экономикалық серіктесі. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша екіжақты сауда-саттық көлемі 44 миллиард долларға жеткен. Бұл рекорд болса керек. Сондай-ақ елімізде мәдениет орталықтары, Лу Бань шеберханалары, Қытай жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық орталықтарының филиалдары бар. Қазақстан Конфуций орталықтарына қолдау көрсетеді. 2025 жыл «Қазақстандағы Қытай туризмінің жылы» болып жарияланды.

Осы жолғы кездесуде Қ.Тоқаев: "Біз Қазақстанда бірнеше, тым болмағанда екі-үш АЭС салу туралы шешім қабылдадық. Осы маңызды жобаға ірі компанияларды тартуға қатысты жұмыс жүргізіліп жатыр. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі құрылды. АЭС құрылысы бойынша Қытайдың CNNC компаниясын сенімді стратегиялық серіктес ретінде қарастырып отырғанымызды ерекше атап өткім келеді. Әлемге әйгілі компания біздің нарықта өз орнын табатыны анық. Сонымен қатар Қазақстан Қытайға табиғи уран мен ядролық отын жеткізіп отырған сенімді ел", – деп, Қазақстандағы екінші атом электр стансасын Қытай салатынын жария етті.

Қытай елінің басшысы елімізге келген күннің ертеңіне Астанада екінші “Орталық Азия – Қытай” саммиті басталды. Оған төраға Си Цзиньпиннен бөлек Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан елдері басшылары қатысты.

Саммитке қатысып, сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев сөз басында Орталық Азия елдерімен жан-жақты ынтымақтастыққа ниет танытқаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтты. Сондай-ақ Саммит жұмысына белсене атсалысып, өңірлік ынтымақтастыққа ұдайы қолдау көрсетіп келе жатқан бауырлас мемлекеттердің басшыларына да ризашылығын жеткізді.

– Жиыңға қатысып отырған Орталық Азия мемлекеттерінің өзара сенімі мен ортақ күш-жігерінің нәтижесінде тату көршілік қарым-қатынасқа, достықпен қолдауға арқа сүйеген ынтымақтастықтың бұрын-соңды болмаған үлгісі қалыптасты. Осы ретте аса көрнекті мемлекет қайраткері, Төраға Си Цзиньпин басқаратын Қытай елінің белсенді әрі тиімді релін атап өткеніміз дұрыс. Көршілес Қытай Қазақстанның мәңгі әрі стратегиялық серіктесіне, нағыз досына айналды. Сексен миллиондай халқы бар ауқымды нарыққа ие және табиғи ресурстарға бай біздің өңір халықаралық қатынастардың, сондай-ақ сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықтың маңызды субъектісі ретінде өз позициясын бірте-бірте нығайтып келеді. Осынау оң үдерісте Қытай Халық Республикасымен сан қырлы ықпалдастық негізгі рөл атқарады. Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар мәңгілік, кез келген жағдайға бейім әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгеніне баса назар аударғым келеді, – деген Президент қолда бар мүмкіндікті біріктіру Қытаймен қарқынды әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа тың серпін беретінін ашып айтты.

Президент айтқандай: Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі жалпы өнімінің көлемі жарты триллион доллар межесіне таяп қалды. Соңғы бес жылда өңірдегі сауда айналымы айтарлықтай ұлғайып, 10 миллиард доллардан асқан. Өткен жылы Орталық Азияның Қытаймен арадағы сыртқы саудасы 40 пайызға жуықтап, 95 миллиард долларды құраған. Осының 46 пайызы Қазақстанға тиесілі екен. Еліміздің Қытаймен тауар айналымы 44 миллиард долларға жетті. Демек Қытай инвестициясы Қазақстанның экономикалық өсіміне маңызды үлес қосып келеді. Бүгінге дейін Қытай елі Қазақстанға 26 миллиард доллардан астам қаржы құйған. Қазақстанда Қытай капиталының үлесі бар 5 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейді.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстанның Қытайдан кең көлемде инвестиция тартуға бағытталған саясатынан айнымайтынын растады. Оның айтуынша Қазақстанда экономикалық өсіме серпін беретін тың мүмкіндіктер қарастырылып жатыр. Өсіресе, Қытаймен бірлескен жобаларды іске қосуға, тауар номенклатурасын көбейтіп, көршілес ел нарығында сұранысқа ие өнімдер экспортын ұлғайтуға ерекше мән беріледі. Өңделу деңгейі төртінші сатыға сай, қосылған құны жоғары өнім шығаратын технологиялық кәсіпорындар ашуға ниеттіміз. Ауыл шаруашылығы, соның ішінде озық агротехнологиялар мен тиімді су үнемдеу өзірлемелерін қолданысқа енгізу бағытындағы ынтымақтастық өте маңызды. Бұл ретте Қытай компаниялары агроөнеркәсіп кешеніндегі өндіріс орындарын локализациялау ісіне атсалысады деген үміт бар. Елдер арасындағы экономикалық ықпалдастыққа «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы тың серпін береді.

– Еуропа мен Азияның ірі өңірлерін жалғауда Орталық Азия басты логистикалық хабға айналып келеді. Былтыр Қытайдан Орталық Азия елдері арқылы тасымалданған жүк көлемі 12 пайызға артып, 211 мың контейнерден асты. Қытайдан Еуропаға құрлық жолдарымен жөнелтілетін жүктің 85 пайызы Қазақстанға тиесілі. Біз құрлықаралық байланысты күшейтуге және Орталық Азия аймағының бәсекелестік артықшылығын барынша пайдалануға ерекше мән береміз. Қазақстан «Бір белдеу, бір жол» мегажобасының алғашқы буыны ретінде бұл бастаманы «Батыс Қытай – Батыс Еуропа», Транскаспий халықаралық көлік дәлізі және «Солтүстік – Оңтүстік» секілді маңызды транзиттік бағыттармен ұштастыруды көздейді. Транскаспий бағытының тартымдылығын арттыру үшін Каспий теңізіндегі айлақтарды жаңғырту және цифрландыру, жүк терминалдарын салу, сондай-ақ жүк кемелері өндірісін жолға қою бойынша жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз. Осы орайда Қытай тарапына Каспийдегі «Құрық» портында жүк терминалын бірігіп салуды ұсынамыз, - деп «Құрық» портында екі елге ортақ жүк терминалы салынатынын да жария етті.

Екі ел арасында туризмнің қарқын алғаны ешкімге де құпия емес. Қазақстандағы Қытай туризмі жылына орай Сиань қаласынан Алматыға туристік пойыздың қатынауы да Еуразия аумағында тауарлар мен идеялардың толассыз алмасуына дәнекер екені де сөзсіз. Сондай-ақ бүгінгі күні ұлы Жібек жолының жаңғырғаны да анық. Жалпы Қытайдың Қазақстанға берері, Қазақстанның Қытайдан алары аз болмасы белгілі. Қазіргі геосаяси жағдайда көршісімен тату тұрып, дос болғаның өз еліңдегі бейбітшілікті қамтамасыз еткендігің. Осы ретте Қытайға сыйға тартылатын 1,5 миллион киік те екі ел арасындағы бейбітшіліктің, экономикалық, сауда-саттық байланыстардың тұрақтылығының кепілі болса керек.

# СУ ДЕҢГЕЙІ ҚАНДАЙ?

**Биыл Шардара және Көксарай су қоймаларындағы су көлемі өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай аз. Екі нысаннан Сырдарияның төменгі ағысына секундына 500 текше метр су жіберілуде. Жалпы, облыс аумағындағы су көлемі өткен жылмен салыстырғанда азайып отыр. Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифинг алаңында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев, «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Зейнулла Қазтоғанов және «Қазсушар» РМҚ филиалы директорының орынбасары Айдос Асанбаев биылғы егіннің жайы туралы айтты.**

**Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев:**

- Биыл облыс бойынша 193,7 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарланған. Оның ішінде күріш - 80,9 мың гектар, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,7 мың гектарға аз. Су үнемдеу технологияларын

қолдана отырып 9,2 мың гектар жерге егін орналастыру көзделген. Ерте егілетін дақылдар толық көлемде орналастырылып, күтімге алу шаралары жүргізілуде. 49,9 мың гектар ескі жоңышқаның 47,7 мың гектары оруға жоспарланып, оның 16,3 мың гектары орылып, 42,7 мың тонна өнім алынды.

Орта өнім - 26,4 ц/га. Халықты әлеуметтік маңызы бар өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында 5,1 мың отбасына 3,3 мың гектар жер бөлініп, 2,8 мың гектарына дақылдар егілген. Тұқым, тыңайтқыш, жанар-жағармай, техникамен толық қамтамасыз етілді. Көктемгі дала жұмыстары тұрақты бақылауда.

**«Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Зейнулла Қазтоғанов:**

- Бүгінгі күні Шардара су қоймасындағы су көлемі 2765,0 млн. текше метрді құрап отыр. Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш едәуір төмендеген. Былтыр 4546 млн. текше метр болған. Қоймадан төменге тасталып жатқан су көлемі - 350 текше метр. Көксарай су реттегішінде де жағдай осындай. Су көлемі 20,61 млн. текше метр. Былтыр бұл көрсеткіш 46,04 млн. текше метрді құраған. Шардара



мен Көксарайдан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 350 текше метр су жіберілуде. Қызылорда облысы шекарасына Көктебе су бекеті арқылы секундына 400 текше метр су келуде. Ал тораңқа дейінгі каналдар арқылы 325,98 текше метр су алынууда, бұл өткен жылмен салыстырғанда сәл жоғары. Әйтек су торабынан төменге 5 текше метр су жіберілуде. Бұл көрсеткіш өзгеріссіз қалды. Қараөзек арнасымен 36 текше метр су берілуде. Қазалы су торабынан

төменге жіберілген су көлемі 5 текше метрді құрады. Шардара су қоймасымен Көксарай су реттегішінің жұмыс кестесі бақылауға алынып, жергілікті атқарушы органдар және су шаруашылығы ұйымдарымен Сырдария өзеніндегі су шаруашылық жағдайына күнделікті мониторинг жұмыстары жүргізілуде.

Сыр бойының күрішші диқандары ауа райының қолайсыздығына, су деңгейінің төмендігіне қарамастан биыл да ел қамбасына мол астық құюға еңбек етуде.

## БОС ЛАУАЗЫМҒА КОНКУРС

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бос лауазымға конкурс жариялайды:

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда Тазалығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы.

**Функционалдық міндеттері:**

- Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес қабылдайтын шешімдердің барлық салдарларына, кәсіпорын мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық-шаруашылық нәтижелері үшін тұтастай жауапкершілік атқара отырып, кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне басшылық жасайды.

- Барлық құрылымдық бөлімшелердің, цехтардың және өндірістік бірлестіктердің жұмысын және өзара тиімді іс-қимылдарын ұйымдастырады, әлеуметтік және нарықтық басымдықтарды ескере отырып, олардың қызметін өндірісті дамыту мен жетілдіруге, кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыруға, өнім өндіру көлемінің өсуіне және пайданы ұлғайтуға, өндірістерін өнімнің сапасын және бәсеке қабілеттілігін, өз өнімімен отандық және шетелдік нарықтарды жаулап алу мақсатында олардың әлемдік стандарттарға сай келуін және отандық өнімнің тиісті түрлерінің халықтың мұқтажын қанағаттандыруға бағыттайды.

- Кәсіпорынның аймақтық және жергілікті бюджеттер, мемлекеттік бюджеттен тыс әлеуметтік қорлар, жеткізушілер, тапсырыс берушілер және банк мекемелерін коса алғанда, кредиторлар алдындағы барлық міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісім-шарттардың) және бизнес-жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етеді.

- Өнімнің (қызмет көрсетудің) техникалық деңгейін және сапасын, оны өндірудің экономикалық тиімділігін жан-жақты арттыру, өндірістік резервтерді тиімді пайдалану және ресурстардың барлық түрлерін үнемді жұмсау мақсатында жаңа техниканы және жаңа технологияны, басқару мен еңбекті ұйымдастырудың прогрессивтік нысандарын, материалдық, қаржылық және еңбек шығындарының ғылыми негізделген нормативтерін кеңінен пайдалану, нарықтық конъюнктураны және озық тәжірибені (отандық және шетелдік) зерделеу негізінде өндірістік-шаруашылық кызметті ұйымдастырады.

- Кәсіпорынды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін тиімді пайдалану мен дамыту, адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтау жөнінде шаралар қабылдайды.

- Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің дұрыс үйлесуін, мәселелерді талқылау мен шешуде бірыңғай бастама мен алқалылықтың болуын, өндірістің тиімділігін арттыруды материалдық және моральдық көтермелеуді, әрбір қызметкер өзіне тапсырылған іс үшін материалдық мүдделілік пен жауапкершілік қағидаттарын қолдануды, бүкіл ұжымның еңбек нәтижесін, белгіленген мерзімде жалақының төленуін қамтамасыз етеді.

-Еңбекұжымдарыменжәнекәсіподақұйымдарымен бірлесіп әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шарттарды әзірлеу, жасау және орындау, еңбек және өндірістік тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді, кәсіпорын жұмысшылары мен қызметкерлерінің еңбек мотивациясын, бастамасын және белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

- Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерді оған заңнама бойынша берілген құқықтар шегінде шешеді, басқа лауазымды тұлғаларға – басшы орынбасарларына, кәсіпорынның өндірістік бірліктері мен филиалдарының, сондай-ақ функционалдық және өндірістік бөлімшелерінің басшыларына қызметтің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады.

- Кәсіпорынның шаруашылық қызметінде және оның шаруашылық-экономикалық байланыстарды жүзеге асыруында заңдылықтың сақталуын, нарық жағдайында қаржылық басқару мен жұмыс істеуге

арналған құқықтық құралдардың пайдаланылуын қамтамасыз етеді, шарттық және қаржылық тәртіптерді нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, кәсіпкерлік қызметке қолдау көрсету мен ауқымын кеңейту мақсатында кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етеді.

- Сотта, төрелік сотта мемлекеттік билік және басқару органдарында кәсіпорынның мүліктік мүддесін қорғайды.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- Нақты салада жоғары техникалық (жылумен жабдықтау, құрылыс-инженері, инженер-энергетик, инженер-механик) білім. Нақты салада функционалдық бағыттарына сәйкес лауазымдарда қызмет өтілі 5 (бес) жылдан кем болмау керек;

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек Кодексін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік құпия туралы», нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы кәсіпорын қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі;

- Экономикалық және менеджменттік салада қызмет өтілі бар болуы, стратегиялық жоспарларды талдай білуі;

- Сонымен қатар конкурсқа қатысушылардың уәкілетті органмен бекітілген кәсіпорын басшысының біліктілік талаптарына және лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес кәсіби білімі тексеріледі.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 70 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орныннан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 6) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтамa.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынылған туралы құжаттардың көшірмелері және т.с.) беруде болады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар, конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қабылданады.

Конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжат тапсырған тұлғаларды әңгімелесуге қатысу туралы шешім қабылдайды.

Әңгімелесуге жіберілген тұлғалардың тізімі бекітілгеннен Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде күнтізбелік 10 (он) күн ішінде конкурсқа қатысушылармен мына мекен-жай бойынша әңгімелесу өткізеді: Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі № 16 ғимарат, телефон: 87242274032, 264311.

Лауазымға орналасатын үміткерлер үшін көтерме ақы шығындары, тұрғын үй және жеңілдіктер берілмейді.

**Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

|                                                          |                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|----------------------------------------------------------|----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>МЕНШІК ИЕСІ:</b>                                      | <b>Редакцияның мекен-жайы:</b>         | (E-mail: a_akshamy@mail.ru)<br>Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агентігінде тіркеліп<br>№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген.<br>Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі<br>№1026-Г - 11.01.2000 ж<br>Газет аптасына бір рет жарық көреді | <b>ТАРАЛЫМЫ:</b> 4000<br>Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.<br><b>Мекен-жайы:</b> Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49<br><b>Таралу аумағы:</b> Қазақстан Республикасы<br><b>Тапсырыс</b> | Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.<br>Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.<br>Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.<br>Сурет сапасына редакция жауап бермейді |
| <b>«Желтоқсан и К» ЖШС</b>                               | Қызылорда қаласы<br>Абай даңғылы, 59/1 |                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Бас редактор</b><br>Сәрсенкүл Бәйдешқызы<br>БІҚОЖАЕВА |                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Бас редактордың орынбасары</b><br>Айдана ӘЛИАРЫСТАН   |                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                            |

# ИСПАНИЯНЫҢ САНТЕХНИКАСЫ: ТҰТЫНУШЫДАН ӨНДІРУШІГЕ

Еліміздегі мемлекеттік кірістер комитетінің деректері бойынша өткен жылы Қазақстан мен Испания арасындағы тауар айналымы 2,07 млрд. долларға жеткен. Мұның 1,354 млрд-ы экспорт болса, 621,1 млн.-ны импорт.

Сондай-ақ Ұлттық банк деректері бойынша 2005-2024 жылдар аралығында Испаниядан Қазақстанға шамамен 333 млн. доллар, ал 2024-ші жылдың 9 айында 24 млн. доллар инвестиция келген. Ал, Қазақстаннан сол тоғыз айда Испанияға инвестиция 4 млн. доллар құраған.

Өткен жыл соңындағы жағдай бойынша елімізде испан капиталының қатысуымен 100-ге тарта заңды тұлға тіркеліп, жартысы жұмыс істеуде.

Испаниямен арадағы ынтымақтастықты тереңдетер болсақ, 1992-ші жылдың 11 ақпанында екі ел арасында дипломатиялық қатынастар орнатылып, 1999-шы жылдың қаңтарынан бастап Қазақстанның Испаниядағы елшілігі сол жылы маусымда Испанияның Қазақстандағы Елшілігі ашылған. Содан бері екі ел арасында барыс, келіс, алыс, беріс дамып келеді.

Мәселен еліміздің Президенттері Испанияға сегіз рет барған. Испания королдері де елімізге жеті рет келген. Үкімет басшылары да бір-біріне барып келіп, екі жақты келісімдер жасап сыртқы сауда-экономикалық байланыстарға қатысты мән беруде.

Нәтижесінде еліміздің нарығында испаниялық «Airbus Defense&Space», «Maxam», «Talgo», «Técnicas Reunidas», «Glovo», «Roca», «Grupo Anka», «Inditex», «Pronovias», «Cortefiel», «Desigual», «Mango», «Joma» және тағы басқа танымал испандық компаниялар қызмет көрсетуде.

Қазақстан мен Испания елдері арасындағы достық қарым-қатынас есебінен былтырғы жылдың желтоқсан айының бас жағында аймақ басшысы Н.Нәлібаев бастаған топ Испания еліне іс-сапармен барды. Ондағы мақсат – аймақтың агроөнеркәсіп, құрылыс, қызмет көрсету салаларына қаржы тарту еді. Осы іссапар барысында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Сыр өңірі делегациясы жұмыс сапарымен Испания елінде болып Барселона қаласында инвесторлармен кездесті.

Ресми ақпаратқа зер салсақ облыс әкімі жауапты сала басшылары, кәсіпкерлермен бірге инвесторлармен кездесіп, келіссөздер жүргізді. Алдымен сәулет, құрылыс, интерьерге, жуынатын бөлмеге арналған өнімдерді өндіруге және сатуға маманданған компаниялардың өкілдерімен кездесті. Келесі кездесу CEO «Krystalline Technology S.A.» компаниясының директоры Хорхе Компаниен өтті. Компания жұмысының негізгі бағыты – бетонды гидроқшаулауға арналған қоспалар мен ерітінділер өндіру және сату. Олар елімізде инновациялық қоспалар өндіруге қызығушылық танытуда.

Сонымен қатар, делегация «DLQ International Consulting, S.L.» компаниясының президенті Рафаэль де ла Куадра, «Groinn» компаниясының Испания бойынша директоры Хавьер Бланкомен де келіссөздер жүргізді. «DLQ International Consulting, S.L.» компаниясы Қазақстан Республикасында былғары индустриясын зерттеудің техника-экономикалық негіздемесін дайындап, 1 қазанда Испанияның Сауда хатшылығына 1 млн. еуро көлемінде грант алуға құжат тапсырды. Сол айда ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевпен бейнебайланыс өткізілген. Қазақстандық тарап осы жобаға қызығушылық танытуда.

Ал, «Groinn» компаниясы ауыл және орман шаруашылығын басқаруды оңтайландыру үшін жасанды интеллект пен озық датчиктерді біріктіретін технологиялық құрылғыларды әзірлеуде. Компания өз жобасын елімізге инвестициялауға және серіктес іздеуге ниет білдірді.

Облыс әкімі кездесулер барысында Қызылорда облысы әріптестік пен инвестициялар үшін әлеуетті, қарқынды дамыған өңір екенін айтты. Ынтымақтастықты нығайтуға қызығушылық танытқан кәсіпорын басшыларына алғысын жеткізді.

– «Облыстың басты артықшылықтары – көлік-логистикалық әлеуеті, минералдық-шикізат

ресурстарының бай қоры, жоғары деңгейдегі инфрақұрылымы, агроөнеркәсіптік кешенді және жаңартылатын энергия көздерін дамыту мүмкіндіктері.

Өңірде қара және түсті металдардың, пайдалы қазбалардың және сирек кездесетін элементтердің бай қоры бар. Еліміздің ванадий қорының 66%-ы, мырыштың 16%-ы, қорғасынның 11%-ы және уранның 15%-ы Қызылорда облысында орналасқан.

Аймақта қазақстандық күріш пен тұздың 90%-дан астамы өндіріледі. Біз ішкі нарықты толығымен қамтамасыз етеміз, сондай-ақ өнімді алыс және жақын шетелдерге белсенді түрде экспорттаймыз. Сондай-ақ, балық шаруашылығы – басым сала. Өңірде Арал теңізі және 200-ден астам көл бар.

Мал шаруашылығы жақсы дамыған. Негізінен ет бағытындағы, ірі қылшықты жүнді және қаракөл қойының тұқымы аудандастырылған. Шикізат өңдейтін жобаларды іске асыруға қор жеткілікті.

Қызылорда облысының инвестициялық әлеуетін ескеріп,

ағайынды Рокалардың құрметіне Roca атанған. Ағайындылар біршама уақыт бойлар де шығарған. Содан 1929-шы жылы Roca логотипімен алғаш ванна шығарылған. Бірте-бірте кәсіптерін кеңейткен ағайындылар жуынатын бөлме үшін шыны керамика және жезден жасалған өнімдер өндірісін жолға қойған. Өнім нарықта сұранысқа ие болып, бірте-бірте сырт елдерге де шыға бастаған. 1990-шы жылдан бастап Roca сантехникасы Франция, Италия, Ұлыбритания, Германия, Марокко, Бразилия, Қытай, Ресей нарығына кірген. Бүгінде 170 ел, сол елдер қатарында Қазақстан да бар, Roca өнімін тұтынады.

Бұл компанияға таңдау бекер түскен жоқ. Бүгінде Roca – халықаралық деңгейдегі ірі компания, жуынатын бөлмеге арналған сантехника бойынша әлемдік көшбасшы.

Жасыратыны жоқ, қазір барлық қызылордалықтардың үйінде жуынатын бөлме бар. Жер үйдің өзінде де. Ондағы тұрмыстық бұйымдар Қытай, Өзбекстан, Түркия елінен келеді. Баға қымбаттығынан бөлек,

сияқты ауқымды жобалар бар.

**Жақында халықаралық стандарттарға толық сәйкес келетін жаңа әуежай терминалы жұмысын бастады. Өнеркәсібі және технологиясы дамыған елдермен ынтымақтастық орнатуымыз қажет. Ол үшін өңірді өркендетудің басым бағыттарын анықтадық. Атап айтсақ, ауыл шаруашылығында күршіт терең өңдеу, су үнемдеу технологияларын енгізу, бақша дақылдарын, балық өңдеу, түрлі көспелер, сүт өнімдері, томат пастасын жасау. Құрылыс индустриясында қажетті материалдар мен тұсқағаздар, санитарлық-техникалық бұйымдар шығару. Жеңіл өнеркәсіпте мал терісін терең өңдеу, тоқыма бұйымдарын, арнайы киімдер тігу және тағы басқа өндіріс орындары, мұнай-газ саласына қондырғылар мен құбырлар жасау.**

Өңірдегі 14 мұнай компаниясы биылғы 10 айда 12,5 млрд. теңгеге өндіріске қажетті түрлі тауарлар сатып алған. Осы өндірістерді облыс аумағында орналастыруға барлық

байланысты Қазақстан қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

– «Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі басым бағыты аясында отандық өндірісті қолдауға және сыртқы жеткізілімдерге тәуелділікті азайтуға бағытталған импорты алмастыру саясаты белсенді дамып келеді.

Қазақстан мен Испания – стратегиялық серіктестер. Сондықтан біз компанияны сенімді серіктес ретінде көреміз және индустриялық даму үшін жоғары технологиялық өндіріс тартуды құптаймыз. Үкімет жобаның сәтті жүзеге асуы үшін қажетті көмек көрсетеді», – деп Олжас Бектенов атап өтті.

Ресми ақпаратта айтылғандай жылына 500 мың бұйымға дейін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауыт Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриялық аймағында орналасады. Осы мақсат үшін жер телімі белгіленді. Кәсіпорын өнімдері ішкі нарыққа және Орталық Азия елдеріне экспортқа шығаруға бағытталған. Жоба құны 70 миллион еуро, 300 жаңа жұмыс орны ашылады. Өндіріске қажетті негізгі бес компоненттің үшеуі Қызылорда облысының өзінен қамтамасыз етіледі.

Roca Group директорлар кеңесінің төрағасы Сантьяго де Гомар Рока компания Қазақстанды өңірдегі бизнесті дамытудың стратегиялық алаңы ретінде қарастыратынын атап өтті.

– «Қазақстан – Орталық Азиядағы жұмыс ауқымын кеңейту үшін қисынды таңдау. Біз елді бүкіл аймақ үшін тиімді жұмыс істей алатын өнеркәсіптік және логистикалық хаб ретінде қарастырамыз. Мұнда өндірісті дамытуға қолайлы жағдай жасалған және Қызылорда облысындағы жоба жергілікті экономиканың дамуына үлес қосып, халықаралық стратегиямыздың маңызды бөлігіне айналатынына сенімдіміз», – деді Сантьяго де Гомар Рока.

Кездесуде Өнеркәсіп және құрылыс министрілігі, Қызылорда облысының әкімдігі және Roca Group инвестициялық жобаны жүзеге асыру қағидаттары туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Бұл құжат – тараптардың санитарлық-техникалық бұйымдар өндіретін зауыт жобасын бірлесіп жүзеге асыруға ниетті екенінің ресми дәлелі.

өндірісті дамытуда бірлесіп жұмыс жасауға дайынбыз. Өңірдің тәжірибелі кәсіпкерлері серіктес болу үшін келіссөздер жүргізуге, тәжірибе алмасуға арнайы іссапармен келді. Сіздерді де Қызылорда облысына арнайы іссапармен келуге шақырамыз!», – деді Н.Нәлібаев.

Қазақстан Республикасының Испания Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Данат Мусаевпен кездескен облыс әкімі Н.Нәлібаев:

**– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Экономикаға салынған тікелей инвестиция көлемін азайтып алмау үшін осы бағыттағы жұмысты күшейту керек» деп отандық және шетелдік инвестиция тарту ісіне баса мән беруді тапсырған болатын. Қызылорда облысы мен Испания арасында ынтымақтастық орнату жолдарын талқылау мүмкіндігіне ие болғанымыз үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Осы елдің ауыл шаруашылығы өнімдерін, тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу, баламалы энергия көздері салаларындағы мол тәжірибесі біз үшін аса құнды.**

**Бұл тәжірибені үйрену, игеру өте маңызды деп есептейміз. Өңірімізде инвесторларға қолайлы жағдай жасау, инвестициялық тартымдылықты арттыру мақсатында бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Қазақстан мен Испания арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірлескен іс-әрекеттеріміздің нәтижесінде жаңа биіктерге жетеміз деп сенемін», – деді.**

Испанияға барғанда бұл елдің бірнеше қаласында болып, бірқатар бизнес өкілдерімен кездесіп, аймақтың инвестициялық әлеуетіне оларды қызықтырған облыс әкімінің hareketі, “жаңа биіктерге жетеміз” деген сенімі де құр кетпегенге ұқсайды.

Күні кешегі өткен аптада Үкімет басшысы сол Испанияның Roca Group директорлар кеңесінің төрағасы Сантьяго де Гомар Рокамен кездесіп, Қызылорда облысында сантехникалық зауыт салу жобасын жүзеге асыру, инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективаларын талқылады.

Енді Roca Group компаниясына тоқталсақ, бұл ванна бөлмелеріне жуынатын өнімдерді жобалаумен, өндірумен, сатумен айналысатын испаниялық ірі компания. Штаб пәтері Барселонада. Компанияның 18 елдегі 78 өндірістік орталығында 24000 адам жұмыс істейді екен.

Компания 1917-ші жылы Барселонаның шет жағында радиаторлар шығарумен айналысатын

сапа жағынан да көңіл көншітпейтін жағдайлар кездеспейді емес.

Енді Қазақстанда тұңғыш рет, онда да Қызылордада Roca-ның сантехникалық бұйымдары шығатын зауыт салынады. Өрине, бұл оңайға түскен жоқ. Облыс әкімі Н.Нәлібаев бастаған делегацияның өткен жылдың аяғынан бастау алған ресми іс сапары биылғы жылдың 28 наурызында Қазақстанның Испаниядағы Елшілігі Леганес қала басшылығының қолдауымен Ригоберта Менчу атындағы театрда өткен Қызылорда облысы әкімдігі ұйымдастырған Наурыз мерекесімен жалғасқаны белгілі. Облыс әкімі Н.Нәлібаевтың

мүмкіндігіміз бар» - дегенде сол Испания еліне іс-сапардың жобасы жатқаны анық.

Сол жиын өткелі бері арада жарты жылға жуық уақыт өтіпті. Өндірісте жаңа заманауи технологиялармен өнім шығаратын, әрі сол өнімі әлемнің көп талғампаз елінде таңдауға ие болған испандық Roca компаниясының сантехникалық бұйымдары зауыты Қызылордада ашылатын хабары шартарапқа тарап та кетті. Қызылорда қаласындағы “Өндіріс” индустриялық аймағында, шыны зауыты жанына орналасатын испандық сантехника зауыты жұмысын бастағанда 300-ден астам жаңа тұрақты жұмыс орны



қолдауымен өткен “Nauryz – CeleBRation of spRing” концертіне көрермен көп жиналған. Қызылорда облыстық филармониясының өнерпаздары жарапазан айтып, ұлттық дәстүрмен шашу шашып, ұлттық тағамдар ұсынып, ұлттық сый-сияпаттар беріп, олардың Қызылордаға деген қызығушылығын тудыра білді.

Негізі Испания сапары тек басталмағаны белгілі. Өткен жылдың қарашасының соңы күндерінде облыс әкімі Н.Нәлібаевтың төрағалығымен инвестиция тарту, ауқымды жобаларды жүзеге асыру барысы талқыланған мәжілісте аймақ басшысы Н.Нәлібаев:

**– «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес аймақта инвестиция тартуда бірқатар жұмыс жүргізілуде. Инвестициялық ахуалды жақсарту үшін халықаралық, өңіраралық көлік жолдарын реконструкциялау және салу, заманауи жылу-электр станциясы**

ашылады. Жылына 500000 бұйым шыға бастағанда әлгі шеттен келетін ванна бөлмесінің бұйымдары шетке ысырылып, қызылордалық өнім көз қуантатын болады. Өзіміз тұтынып қана қоймаймыз, басқалардың нарығына да шығарамыз. Сөйтіп, тұтынушыдан өндірушіге айналамыз.

Үміт көп. Осындай мүмкіндікке қол жеткізуге ықпал еткен Үкіметке, Kazakh invest Ұлттық компаниясына рахмет. Үкімет басшысы Олжас Бектенов Roca Group директорлар кеңесінің төрағасы Сантьяго де Гомар Рокамен кездесу барысында Қызылорда облысында сантехникалық зауыт салу жобасын жүзеге асыру, инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективаларын талқылады. Кездесуге облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев та қатысты.

Үкімет басшысы өнеркәсіптік өндірісті локализациялау экономиканы құрылымдық нығайтудағы басым міндет екенін атап өтті. Осыған

**– «Мемлекет басшымыздың инвестиция тарту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында біз шетелдік инвесторлармен жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Roca Group – санитарлық-техникалық бұйымдар өндіру саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі. Бүгін Қызылорда облысы үшін маңызды қадам жасалды, біз компаниямен өндірісті іске қосу жөніндегі негіздемелік келісімге қол қойдық. Аталған зауыт Орталық Азиядағы ірі жобалардың бірі болмақ. Ол ішкі нарықты отандық құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біздің басты мақсатымыз – инвесторға қолайлы жағдай жасап, жобаны сапалы әрі уақытылы іске асыру», – дейді Н.Нәлібаев.**

Бұл бастама өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырумен қатар, жаңа өндірістер құру арқылы тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға да мүмкіндік береді.

## ТАЗАЛЫҚ САҚТАУ – БАРШАҒА ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Тазалықты жақсы көретін, тазалық сақтайтын аймақтардың бірегейіміз. “Таза Бейсенбі” дейміз, сенбілік дейміз, әйтеуір айналаны сыпырғыштап, қырғыштып-ақ жатырмыз.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жолдауындағы: “Осындай игі шаралардың арқасында қоғамда жаңа мәдениет, жаңа қоғамдық этика орнығып келеді” дегені бізге арналғандай, қызылордалықтар да айналаға, ортаға жанашырлық, сүйіспеншілік тұрғысында оңға өзгеріп келеді.

Қуаныштысы, айналаны тазартуға, көшеге ретсіз күл-коқыс тастамауға, туған жерін ақысыз қоғалдандыруға, гүлдендіруге ықыластылар қатары көбейіп келеді.

Әрине, осы жолдауда Президент Қ.Тоқаев атап көрсеткендей: “Таза Қазақстанның” аймақтарда сапалы жүзеге асуына әкімдер тікелей жауапты”. Осы жауаптылықты сезінгендіктен де болар аймақтағы үлкенді-кішілі әкімдер жеті сайын сенбілік өткізуді дәстүрге айналдырды. “Тазалық” акциясы кезінде елмен бірге елді мекендерді қоғалдандыруға, көркейтуге белсене араласып жүр.

Осы аптаның бас жағында облыс әкімі Н.Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте алдымен өңірдің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету барысы қаралды.

Аймақ басшысы облыс, аудан орталықтары мен елді мекендердегі тазалық, көркейту шараларына күнделікті әрі жүйелі бақылау орнатуды тапсырды.

– «Жаз мезгілінде қала мен елді мекендердегі қоғамдық орындардың тазалығы, жайлылығы басты назарда болуы тиіс. Аптап ыстық басылған соң демалуға сыртқа шыққан халықтың, каникулдағы балалардың баратын орындарын күнделікті қадағалаңыздар. Саябақтар, демалыс аймақтары, жағажайлар мен балалар алаңдары таза, әрі қауіпсіз болуы керек.

Бұл іске тұрғындар да белсенді араласуы қажет. Тазалық сақтау тек коммуналдық қызметтердің ғана міндеті емес, баршаға ортақ жауапкершілік. Көше бойларының, ауалардың, қоғамдық орындардың тазалығы – мәдениеттің көрсеткіші. Үгіт-насихатпен қатар, тәртіп бұзушыларға қатысты нақты шаралар қолдану қажет», – деп Н.Нәлібаев тиісті сала басшыларына тапсырма берді.

Бұдан бөлек жиында құрылыс нысандарындағы жұмыс сапасы, күрделі жөндеу жұмыстарының барысы қаралды. Аймақ басшысы құрылыс алаңдарын күнделікті қадағалауды тапсырды. Қала әкімдігіне ғимараттар сапасы мен пайдалануға беру мерзіміне қатысты жауапкершілікті қатаң бақылау жүктелді.

## ОТБАСЫНДА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ БОЛМАЙДЫ

Алғаш рет ішкі істер органдарының отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшесі құрылды. Бұл да заманның бір талабы. Өйткені отбасында зорлық-змбылық көбейіп кетті. Күйеуінен зарлап шеккен



талай әйелдің тағдыры қоғамды бей-жай қалдырмады. Оның үстіне ата-аналары өз балаларын толық сезінбегендіктен “тірі жетім” болып жүрген балалар да қаншама. Немесе отбасындағы әйелдің аналық міндетін орындамауынан, ішкілікке, өкілі жүріске салынуына орай шаңырағы шайқалған отбасылар да аз емес.

Отбасындағы зорлық-зомбылық көбіне ана мен бала өміріне қауіп төндіретіндіктен де бұл бөлімшеде қызмет ететіндердің дені – қыз-келіншектер. Осы ретте Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының өкілі Ләйла Туысбаева бөлімше қызметі туралы айтып берді.

– Биылғы жылдың сәуір айында облыс әкімінің қолдауымен бөлімге бөлек ғимарат беріліп, отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығы ашылды. Орталықтың негізгі мақсаты – отбасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды азайтып, отбасын сақтап қалу мақсатында отбасы мүшелеріне психологиялық әлеуметтік, құқықтық тегін кешенді көмек көрсету. Әйелдер мен балаларға қатысты жасалатын қылмыстың санын азайту және жәбірленушілердің полицияға деген сенімін арттыру, сонымен қатар полиция заң аясында қолдауға, қорғауға әрқашанда дайын екенін түсіндіру үлкен міндет екені анық. Орталық 10 кабинетпен жабдықталған. Оның ішінде тергеу, ювеналды полиция, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы, сот орындаушылар, заңгер, психолог, теолог, еріктілер, медиатор және әлеуметтік қызметкерлер бар. Бұл жерде тек отбасылық – тұрмыстық ғана емес, сонымен қатар алимент өндіру, дінаралық қарама-қайшылықтар да шешім табады. Бөлімше мамандары жәбірленушілерді қорғап қана қоймай, құқық бұзушыларды қайта әлеуметтендірумен де айналысады. Агрессорларға мәжбүрлеп психологиялық көмек көрсету жүйесі және әлеуетті құқық бұзушылармен жұмыс енгізілді. Айта кету керек, жыл басынан тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы өтініштер саны 42,2 пайызға қысқарды, бұл қорғау шараларының тиімділігінің артқанын көрсетеді – деді Ләйла Бектурғанқызы.

## МЕКТЕП ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР...



Сырдария ауданындағы С.Сейфуллин елді мекеніндегі №137 орта мектеп 1974 жылы салынған. Жалпы сыйымдылығы 460 орынға негізделген. Биыл мектептің күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 309 млн. теңге қаржы бөлінді. Құрылыс жұмыстарын мердігер «N Строй Сервис» ЖШС атқаруда. Бүгінде білім ғимаратының сырты қапталып, ішкі жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев мектепте жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен, Үкіметтің, аймақ

басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен өңірдің білім саласында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Оның ішінде, аймақтағы білім ошақтары жаңалануда. Бұл – болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына жасалып жатқан нақты жұмыс. Сондықтан күрделі жөндеу жұмыстары сапалы жүргізіліп, уақытылы аяқталуы тиіс, – деді Берік Өбдіғалпарұлы.

Аудан әкімі құрылыс барысын тұрақты бақылауда ұстау қажеттігін айтып, салалық орынбасары мен тиісті бөлім басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Мектептің жөндеу жұмыстары жаңа оқу жылына дейін аяқталуын қатаң ескертті.

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

## “БІЗДІҢ МІНДЕТ – ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ТӨМЕНДЕТУ”

Ресми мәліметтерге сүйеніп айтар болсақ, соңғы үш жылда Қызылорда облысында құқық бұзушылық көрсеткіші едәуір төмендеген.

Адам өміріне тажал болып тұрған жол-көлік оқиғаларын азайту үшін жол инфрақұрылымын жақсартуға басымдық беруде. Бүгінде жөнделіп жатқан көпірлер саны көп-ақ. Салынып жатқан айналма жолдар да жетерлік. Жүргіншілер қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жаяу жүргіншілер жолы да жақсарып келеді. Көлік жүргізушілеріне қолайлы жағдай жасау үшін жасалған ақылды бағдарламдар, үш, төрт жолақты көшелер, ыңғайлы қиылыстар көлік кептелісін азайтып қана қоймай, көліктер қозғалысының қауіпсіздігін де қамтамасыз етіп тұр.

Соңғы үш жылда полиция органдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға облыстық бюджеттен 8 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Биыл бұл мақсатқа 2 млрд. 800 млн. теңге қаралып, заманауи құрылғылармен, жабдықтармен қамтамасыз етілуде.

Республикада алғашқы болып облыстың барлық ауданында полиция бөлімдерінің Жедел басқару орталықтары ашылды. Қауіпсіздікті күшейту, жедел әрекет ету мақсатында бейнебақылау камераларының желісі көбейтілді.

Барлық ауданға құны 2 млрд. 200 млн. теңге болатын 539 бейнебақылау, 49 жылдамдық өлшейтін камера орнатылды. Соңғы жылдары полиция қызметкерлеріне заманауи құрылғылармен жабдықталған 128 жаңа автокөлік табысталды.

Биыл тағы 31 қызметтік автокөлік тапсырылып, арнайы құрал-жабдықтар көбейеді. Бұл мақсаттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Ашықтық қағидатына сәйкес қала, аудандарда құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен бірге қоғамдық қабылдаулар тұрақты өткізіліп келеді. Бұл өз кезегінде тұрғындардың мемлекеттік органдарға деген сенімділігін арттырып, әділетті қоғам құруға тын серпін беруде.

Нәтижесінде бүгінде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық саны бойынша Қызылорда облысы республикадағы ең төменгі позицияда, яғни 20 өңірдің ішінде 19-шы орында. Жергілікті биліктің міндеті тек көрсеткішті ғана емес, құқық бұзушылықты тұрақты түрде төмендету болып отыр.

Күні кеше «Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Заң және Тәртіп» қоғамдық қауіпсіздікті күшейту мен өзара іс-қимылдың басымдықтары» тақырыбында форум өтті.

## “ӨҢІРЛІКТІҢ” ҚАРЖЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕРДІ КӨБЕЙТТІ

Бүгінгі күнге дейін «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 10 жылда 15,5 млрд теңгеге 2779 жоба қаржыландырылған. Нәтижесінде 3140 жаңа жұмыс орны ашылып, кәсіпкерлер бюджетке 2 млрд. теңгеге жуық салық төлеген. Бұл жайлы Өңірлік орталық директорының орынбасары Досжан Анасбаев:

– «Жобаларды қарастыру барысында Өңірлік орталық ауылдық елді мекендерге басымдық берді. Мәселен, он жылда Өңірлік орталық арқылы қаржыландырылған 2779 жобаның 2595-і аудандар, ондағы елді мекендер, сондай-ақ Қызылорда қаласына қарасты ауыл азаматтарының кәсіпкерлік бастамасы», - дейді.

Кәсіпкерлік мақсаттағы мемлекеттік қолдау тетіктерін алу барысында ауылдық елді мекен тұрғындары қиналатын кей мәселелер бар. Мысалы, несие алу үшін қойылатын кепіл мүлік. Бұл жағдайға келгенде Өңірлік орталық мәселені жан-жақты қарастырып, оңтайлы шешілуіне аса мән береді. Кепілге жылжымайтын мүліктен сабан, сондай-ақ жер телімдерін де алады.

Бытыр Өңірлік орталық 1,4 млрд. теңгеге 129 жобаны қаржыландырыпты.

– «Біз қазір жобаларды қаржыландыруда басымдықты өндірістік салаға беріп жатырмыз. Бұл жағынан аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы жергілікті тауарөндірушілердің қатарын арттыру жөнінде нақты тапсырма берді. Өндіріспен айналысудың тиімді екенін жыл өткен сайын кәсіпкерлер де жақсы түсініп келеді. Бытырғы қаржыландырылған 129 жобаның 53-і өндірістік, 42-сі қызмет көрсету саласынан болса, 25-і агроөнеркәсіптік көрсету саласындағы жобаларды қамтиды», - деді Досжан Анасбаев.

Осы орайда шалғай аудан, ауыл тұрғындары жобаларын ұсынуға облыс орталығына келіп, уақыт жоғалтпаса да болады. Жобаларын өздері тұратын қала, ауданның кәсіпкерлік бөлімдеріне тапсырады. Ал аталған бөлім мамандары жобаларды жинақтап, «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығына ұсынады.

Биыл Өңірлік орталықта өңдеу өнеркәсібін дамытуға 1,3 млрд. теңге қаржы қаралып отыр. Кәсіпкерлік мақсаттағы

Парламент Мәжілісінің депутаты

Мұрат ӨБЕНОВ:

– Біздің байқағанымыз мемлекеттік органдар арасында үйлесімді байланыс бар. Облыс әкімдігі, облыс прокуратурасы, полиция қызметкерлері, жалпы барлық құқық қорғау саласы ортақ мүддеге бірдей жұмылған.

Көп жүйе электронды түрде жасалған. Мобильді қосымшалар арқылы барлығын бақылап, қарап отырады. Электронды түрде жұмыс істейтін учаскелік полиция, электронды түрде бизнестің қорғалуы, қылмыс жасаған адамдарды электронды



түрде бақылау, электронды түрде карта жасалуы, міне мұның барлығы полиция мен прокуратура, басқа органдар арасында бір-бірімен ақпарат алмасу, ашық байланыс мүмкіндігі болып отыр.

Қызылордалық тәжірибенің өзіндік артықшылығы қай жерде қылмыс көбейсе, сол жерді бақылауға алып, шектеу емес, қылмыс болу қауіптілігі байқалған жерлерге балалар ойын алаңдары салынады, сол жерде театр ашылады, сол жерде кітапхана ашылады. Сөйтіп қылмысты болдырмау, алдын-алу жолға қойылған. Нәтижесін беріп жатыр. Бұрын қайта қылмыс жасау, қылмыстың көбеюі 50 пайыздан асқан жерлерде қазір 30 пайыздан төмен түскен. Қысқа мерзімде. Басқа өңірлерге де жастардың қылмыс жасағанын күтпей, қылмыстың алдын алу тәжірибесін таратуды ұйымдастырған жөн деп ойлаймын.

Тағы бір үлкен мәселе: Айта кету керек, қазір Сыр елінде жастар үшін көптеген әлеуметтік жобалар жасалуда. Үлкен стадион салынуда. Теннис орталығы, жақсы музей, жастар шығармашылық академиясы салынған. Кітапхана 24 сағат жұмыс істейді. Барлық орталықтар тегін. Өртүрлі секцияларға, орталықтарға барып, өз уақыттарын тиімді өткізеді. Балалардың көшеде жүріп бос уақытын өткізуіне уақыттары жоқ. Менің ойымша осы тәжірибе балаларға үлгі.

алдағы жұмыстарымызды жаңа формацияда жүргізуге өз септігін тигізеді деп сенемін», – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда облыс прокурорының орынбасары Нұрболат Дүйсенбаев, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, мемлекет және қоғам қайраткері Оразкул Асанғазы, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Өбенов пен Абзал Құспан сөз сөйлеп, форум жұмысына сәттілік тіледі.

Құқық бұзушылықтардың алдын алуда ерекше белсенділік танытып, киберкеңістіктегі заңсыз шағеттердің жолын кесуге үлес қосқан мамандарға облыс әкімінің сыйлық сертификаттары мен облыс прокурорының Алғыс хаты табысталды.

Алқалы жиынға Парламент

Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Мұрат Өбенов, Мархабат Жайымбетов, Абзал Құспан, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, құқық қорғау органдары мен жауапты сала басшылары, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы қоғамдық қауіпсіздік пен заңдылықты қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы бірлескен маңызды міндеттерді айқындады.

– «Биыл 1 сәуірде Үкімет қаулысымен «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдама» бекітіліп, нақты міндеттер белгіленді. Өңірімізде «Заң мен Тәртіп» қағидасын іске асыруда облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлымен бірлесіп кешенді шараларды қолға алып, жаңа бастамаларға үздіксіз қолдау көрсетіп келеміз.

Құқық қорғау органдарымен бірлесе жүргізілген кешенді әрі үйлесімді шаралардың нәтижесінде өңірімізде ахуал тұрақты. Статистикалық ақпараттарды салыстырмалы түрде қарасақ, аймақта 2015 жылы 6 мыңға жуық қылмыс тіркелген болса, нақты жұмыс нәтижесінде бұл көрсеткіш 1158-ге дейін азайды. Соңғы үш жылда құқық бұзушылық көрсеткіші едәуір қысқарды.

Жол-көлік оқиғаларын азайтуда жол инфрақұрылымын дамытуға басымдық берді. Түрлі гаджеттер мен смартфондағы бағдарламалар көмегімен жасалатын алаяқтық, кибершабуыл схемалары сәт сайын өзгеріп жаңаруда. Қаржы пирамидалары, лудомания, интернет буллинг азаматтарды қиын жағдайда қалдыруда.

Мүдделі құқық қорғау органдары қолда бар ресурстармен шектелмей, қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қоятын жаңа тетіктерді дамытуы тиіс. Осы бағыттағы қылмыстарды анықтауда жасанды интеллектті пайдалану – орнықты шешімнің бірі. Бүгінгі форум – біздің



орналасқан кәсіпкерлер өнімдерін жанындағы коммуналдық базарға шығарып, тұтынушыларға ұсына алады», - дейді Өңірлік орталық басшысының орынбасары Досжан Анасбаев. Аймақтың кәсіпкерлік саласын дамыту мақсатында құрылған “Қызылорда” Өңірлік инвестициялық орталығы” кәсіпкерлердің нақты қолдаушысы болып отыр.

# ҚЫТАЙ САПАРЫНЫҢ ЖЕМІСІ: “СОЗАҚ” ГАЗ ӨНДІРУ ЖОБАСЫ

Қытай біз үшін бөтен емес. Ресми деректер бойынша Қытай – Қызылорда облысының ең ірі сауда серіктесі, шамамен өңірдің сыртқы сауда көлемінің 60%-ын Қытай құрайды. Ол жаққа бізден мұнай өнімдері, майлы дақылдардың тұқымы, балық өнімдері және өңделмеген алюминий барады. Ал ол жақтан бізге машиналар, жабдықтар, полимерлер және құрылыс материалдары көп келеді.

Содан-ақ аймақта 15 мұнай өндіруші компания жұмыс істеп жатса, соның 8-і қытайлық кәсіпорындар. Қытайлық инвесторлардың қатысуымен пайдалануға берілген, тұрақты жұмыс істейтін ірі индустриялық жобалар да бар. Осыдан 7 жыл бұрын, 2018-ші жылдың желтоқсанында “Чайна Гечуба” компаниясымен бірге жалпы құны 137,8 млн. АҚШ доллары тұратын, жылына 1 млн. тонна цемент өндіретін қуаты бар зауыт іске қосылды.

2022-ші жылдың қазан айында “Чайна Гласс” компаниясы арқылы құны 90,4 млн. АҚШ доллары тұратын, жылына 197 мың тонна табақша шыны шығаратын шыны зауыты іске қосылды. Айта кету керек бұл да Қазақстандағы шыны шығаратын алғашқы зауыт Қызылорда қаласында ашылды. Қазір зауыт өнімінің 30%-ы ішкі нарықты қамтамасыз етсе, қалғаны Ресей, Өзбек, Қырғыз, Тәжік елдеріне және Грузияға экспортталады.


Аймақтың жер асты байлығының қайнар көзінің молдығына орай Мемлекет басшысы тапсырып отырғандай шеттен инвестиция тарту мүмкіндігі де бар. Жалпы сырттан келген қаржы жаңа технология, жаңа өндіріс, жаңа жұмыс орны, таза табыс көзі екені анық. Содан да болар өткен жылдың соңы мен биылғы жылдың басында аймақ басшысы Н.Нәлібаев бастаған облыс делегациясы бірқатар шетелде ресми сапармен болды.

Биылғы жылдың ақпанының соңғы күндерінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Сыр өңірінің делегациясы Қытайға жұмыс сапарымен барды. Делегация құрамында ауыл шаруашылығы құрылымдарының, құрылыс және мұнай компанияларының басшылары, кәсіпкерлер бар сапардың негізгі мақсаты – аймақтың агроөнеркәсіп, құрылыс, қызмет көрсету салаларына инвестиция тарту.

Жұмыс сапары аясында аймақ басшысы

Сиань қаласындағы мұнай-газ, химия өнеркәсібі саласындағы компания жетекшілерімен кездесті. Алдымен «Yan'an Energy Equipment Group» компаниясы басшысымен жүздесіп, өңдеу өнеркәсібі саласында бірлесіп жұмыс жасауға дайын екенін айтты.

– «Бірінші кезекте Қызылорда облысы мен



Қытай арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатындағы бүгінгі кездесуде қызығушылық танытқаныңыз үшін алғыс білдіремін. Біз Қытайдың озық технологияларын облыс өнеркәсібіне енгізу үшін арнайы делегация жасақтап келдік.

Мұнай-газ – өнеркәсіптің маңызды салаларының бірі және облыс экономикасының негізі. Оның үлесі өңірдің өнеркәсіптік өндірісінің 48,7%-дан астамын құрайды, 10 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтиды. Облыс аумағында

мұнай өндірумен және барлаумен 49 кеніште 25 компания айналысады. Алайда, мұнай ұңғымаларының көпшілігінің сарқылуына байланысты қорды толықтыру мақсатында геологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Одан бөлек, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы «Торғай-палеозой» кен орнында тереңдігі 5,5 метр ұңғыманы бұрғылауда. Қазіргі таңда бұрғылау жұмыстары шамамен 5,4 мың тереңдікке жетті.

Осы ретте, құрметті мырзалар, компанияның заманауи технологиясы мен тәжірибесін ескеріп, Қызылорда облысында бірлесіп жұмыс жасауға шақырамыз. Облыс әкімдігі өз тарапынан зауыттарды орналастыру үшін жер, инженерлік инфрақұрылым, жан-жақты логистикалық қолдау білдіруге дайын», – деді Нұрлыбек Машбекұлы кездесуде.

Мұнан бөлек, аймақ басшысы «Xian ANCN Smart Instrument Inc» мұнай-газ компаниясының басшысымен де кездесті.

«Xian ANCN Smart Instrument Inc» компаниясы 2007 жылы құрылған. Негізгі қызметі – газ кен орнының автономды басқару жүйелерін, жарылысқа қауіпсіз тексеру роботтарын, смарт өлшеу құралдарын және басқа да мұнай-газ жабдықтарын өндіру. Компанияда 320 қызметкер, 100 ғылыми-зерттеу тобының мүшесі, 340 ғылыми зерттеу патенті бар.

Аймақ басшысының сол жолғы Қытай сапары баспасөз беттерінде, әлеуметтік желіде жарияланды. Белгілі болғанындай делегация Қытайдың бірнеше қалаларында болып, бизнес өкілдерімен, кәсіпорын басшыларымен кездесті. Барған жердің барлығында аймақтың экономикалық әлеуетін жария етіп, облыс экономикасына қаржы салғысы келетін инвесторларға қолайлы инфрақұрылым жасалып жатқандығын айтып, қызықтыра білді.

Қытайға ресми жұмыс сапары кезінде Шэньси провинциясының басшысы Чжао Ганмен кездесу сәтіндегі “Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Қытайдың озық технологияларын өндіріске тарту тапсырмасы бойынша арнайы делегация жасақтап, іссапармен келдік.

... Қызылорда облысы Қытай инвесторларымен бірлесіп жұмыс істеуден мол тәжірибе жинақтаған

өңір екенін атап өткім келеді. Мұнай-газ – өнеркәсіптің маңызды салаларының бірі және облыс экономикасының негізі. Аталған саланың үлесі өңірдің өнеркәсіптік өндірісінің 48,7%-дан астамын құрайды және 10 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтиды” – деген Н.Нәлібаевтың сөзінен көп нәрсені аңғаруға болады.

Осы сапар барысында аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы бастаған Қызылорда облысының делегациясы «Geo-Jade Petroleum» компаниясының басшылығымен де кездесіп, өңірдің мұнай-газ саласын дамыту перспективаларын талқылаған болатын.

Облыс әкімі Н.Нәлібаев бастаған облыс делегациясының Қытайдан ресми сапардан оралғанына көп бола қойған жоқ. Бар болғаны 3-4 ай ғана уақыт өтті.

Бұған дейін Қызылорда мұнайын игеруде әріптес болып келген Қытай инвесторлары енді газ өндіру жобаларына да қызығушылық танытуда.

Күні кешегі ақпарат бойынша Үкімет басшысы Олжас Бектенов Hong Kong Sino-Science Oil and Gas Co., Ltd. (Geo-Jade Petroleum) компаниясының президенті Ван Вэньтаомен кездесіп, мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық және күрделі жолмен алынатын газды өндіру жобасын жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

Аталған жоба Қызылорда облысындағы «Созақ» кен орнында жүргізілуде.

Жиын соңында Олжас Абайұлы жобаны жан-жақты талдап, оны іске асыру үшін арнайы жұмыс тобын құруды тапсырды. Ресми ақпарат осылай дейді.

Geo-Jade Petroleum дегеніміз Қазақстанда 10 жылдан астам уақыттан бері қызмет ететін ірі қытайлық мұнай-газ компаниясы екен. Елімізге 3 млрд. АҚШ долларынан астам инвестиция құйып, шамамен 1000 тұрақты жұмыс орнын ашқан.

Аймақта көмірсутек ресурстарын өндіру көлемі жыл сайын азаюда. Соңғы 10 жылда мұнай өндірісі 68%-ға төмендеп, 2024 жылы 3,3 млн тонна болды, ал 2025 жылға 3,2 млн тонна жоспарланған. Бұл өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізуде. Сондықтан мұнай-газ саласын, оның ішінде «Созақ Ойл энд Газ» компаниясының аумағын дамыту маңызды.

Жалағаш ауданының әкімі А.ИБРАИМОВ:

## «ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН БАСТАЛҒАН ЖОБА»

Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылындағы 11 көшені жөндеу жобасы аясында 2024 жылы республикалық бюджеттен 50,0 млн. теңге бөлініп, аталған қаражатқа 2 көшеге асфальт төселген.

Жоба 2025 жылға өтпелі. Биыл жобаны толық аяқтау мақсатында республикалық бюджеттен тағы да 294,4 млн. теңге, аудандық бюджеттен 15,0 млн. теңге қаржы қаралды. Қазіргі уақытта «Қыран» ЖШС мердігер мекемесі арқылы құм аралас тас төсеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Аудан әкімі Ардак Ибраимов Бұқарбай батыр ауылындағы көше жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.



– «Мемлекет басшысының, Үкіметтің және облыс әкімінің қолдауымен ауылдардың инфрақұрылымын жақсарту бағытындағы ауқымды жұмыстар жалғаса беретін болады. Бұл халық игілігі үшін жасалып жатқан іс. Сондықтан әр жұмыс сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс», – делі Ардак Ибраимов.

Аудан әкімі жобаның орындалу барысын тұрақты бақылауда ұстайтынын айтып, жауапты сала басшыларына, ауылдық округ әкіміне және мердігерге нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ, құрылыс жұмыстары барысында қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуын және жоба уақытында аяқталып, ел игілігіне берілуін тапсырды.

## ҚАЛА ӘКІМДІГІ ЕСКЕРТЕДІ!

Сү – адам үшін қауіпті апат. Сол апаттан судағы қайғылы жағдайлар туындап тұр. Әсіресе, балалар тағдыры ойлантанды. Өйткені қорқу-үрқу дегеннен бейхабар бала рұхсат етілмеген қай айдыңға да баруы сөзсіз. Осыған орай қала әкімдігі, облыстық білім басқармасы, тегінше жағдайлар мен полиция департаменті өзен-канал бойында күнделікті рейдтік шаралар жүргізіп, тұрғындарға профилактикалық түсіндірме жұмыстарын тұрақты жасауда. Ескертпені елемеген азаматтарға хаттамалар толтырылууда.

Бұл жерде баса айтатын мәселе – бала ата-ананың бақылауынан тысқары қалмауы қажет. Баланың беймезгіл уақыттарда ата-анасы немесе ересек адамның қадағалауынсыз жүруі оқыс оқиғаға итермелейді. Сондықтан «сақ болсаң, сақтаймын» деген ұстанымға бекем болайық!



## ДЕПУТАТТАРДЫҢ ӨЗІ АҢ-ТАҢ...

Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Парламент Мәжілісінің депутаттары Қызылорда қаласындағы бірқатар әлеуметтік нысандар жұмысымен танысты.

Олар алдымен қайта жаңғыртудан өткен қалалық мәдени-демалыс паркін тамашалады. 6 гектарға жуық аумақты қамтитын қалалық демалыс паркін қайта жөндеу жұмыстарына 6,3 млрд.бөлінген. Мұнда жаңа аттракциондар қойылып халықтың демалуына барлық жағдай жасалған. Сол жағалауда жаңадан бой көтерген 11 мың орындық жаңа заманауи үлгідегі стадионның құрылысымен де танысты. Жаңа спорт нысаны тек футбол алаңымен шектелмейді. Мұнда бокс, күрес, спорттық гимнастика, ауыр атлетика, таеквондо және фитнеске арналған арнайы залдар қарастырылған. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Заманауи талаптарға сай салынып жатқан нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Сыр өңірінің баға жетпес тарихи-мәдени мұрасын сақтау және кенінен насихаттау мақсатындағы жаңа музей сандық және мультимедиялық технологиялармен, 85 жылдық тарихында алғаш рет типтік ғимарат қор сақтау қоймаларымен жабдықталған. Қазіргі уақытта музей қорында 67 613 экспонат сақталған. Музейдің жаңа экспозицияларында аймақтың флорасы мен фаунасы, палеонтология, археология және этнография, Қызылорда облысының экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуы көрсетіледі.

11 залдан тұратын мұражайдың тақырыптық құрылымы, жабдықтары мен безендірілуі жасанды интеллект элементтерін қолдана отырып, 3D модельде жасалған.

350 орынға арналған Оқушылар сарайы заманауи үлгіде бой көтерген. Көп функционалды кешенде техноорталық, робототехника және өнеркәсіптік дизайн сыныптары бар. Оқушылар экологиялық зертхана, жылыжай, телестудия және шығармашылық үйірмелерінде де білімдерін жетілдіреді. Ал, үстел теннисі орталығын салуға облыстық бюджеттен 2,5 млрд теңге және «Samruk Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры 900 млн теңге қаржы бөлінген. Орталықта 16 үстел теннисі орналасқан ойын алаңы, 350 көрерменге арналған орындар, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер бар. Мұнда 31 қызметкер жұмыс жасауда.

Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі Сыр топырағында ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мәдени мұраның, ұлттық



Парламент мәжілісінің депутаты А.ҚҰСПАН:

## МӘДЕНИЕТКЕ САЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕЛЕП ҚАЙТАДЫ

– Қызылорда қаласына келдік. Қаладағы жаңа салынып жатқан нысандарды, Сол жағалау аталып кеткен аумақтағы құрылыс нысандарын аралап көрдік. Егер бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, мен таңқалдым. Жасыра алмаймын. Тәуелсіздік алғалы Астананы салдық. Астана – мемлекеттік маңызы бар шаруа болды. Жаңадан Түркістан қаласын салдық. Ол да мемлекеттік маңызы бар шаруа болды. Республикалық бюджеттен қаржы бөлінді.

Ал, Қызылордаға қатысты айтар болсақ, оның экономикасының, жалпы қаланың өсіп-өркендеуі мемлекеттік тұрғыда қолға алынған шаруа емес. Бұл – жергілікті әкімшіліктің жергілікті бюджеттен, ішінара республикалық бюджеттен, демеушілердің, кәсіпкерлердің қаржысымен салынып жатқан өте ауқымды жоба. Депутат болғалы үш жыл болып барады. Өңірлердің барлығын дерлік аралап шықтық. Дәл Қызылорда сияқты қарқынды құрылыс жүріп жатқан бірде-бір өңір жоқ. Көптеген облыс орталықтарында, қалаларда көптеген іскер, мықты өңір басшыларымен кездесіп жүрміз. Қызылорданың көркейіп келе жатқанын естіп жүрміз. Бірақ “мың рет естігенше бір рет көрген артық” дейді. Көзімізбен көрген кездегі таңқалысымызды жасыра алмай тұрмын. Мұндай жұмыс басқа да өңірлерге жұғысты болсын дегім келеді.

Бүгін 8 нысанды аралап шықтық. Барлығы су жаңа. Мен криминалист маман ретінде бір жайды айта кетейін. Экономиканың көтерілуі, тазалықтың сақталуы, сосын мәдени шараларға көп көңіл бөлінуінің қылмысқа қатыстылығын айтайын.

Батыс, Европаның криминалист ғалымдарының есебі бойынша мәдениетке салған қаржы 4 есе болып қайтады деп есептеледі. Қалайша дегенде қарапайым есебі бар, мәдени нысандар салынған сайын адамдардың мәдени деңгейі көтерілген сайын мәдениетті адамның қылмыс тұрмақ, құқық бұзушылыққа бара қоюы неғайбыл. Яғни, қылмыс азайған соң өсіп-өркендеу басталады, жалпы мемлекеттің көптеген проблемасы өз-өзінен шешім табады. Біз бүгін көрген 8 нысанның басым дені спорттық, мәдени, халықтың мәдениетін көтеруге бағытталған әлеуметтік нысандар екен.

Қызылорда өңіріндегі осы жақсы жаңалықтар басқа да өңірлерге жұғысты болса екен деп тағы да қайталап айтқым келеді.

өнердің кемелденуіне зор үлес қосып келеді. Бүгінге дейін оқу орны талапқа сай келмейтін ескі ғимаратта қиындықтарға қарамастан жастарға білім беріп, өнерге баулыған. Жаңа ғимаратта студенттерге барлық жағдай жасалған. Үлкен концерт, би залдары, хор бөлмесі бар.

Кең музыкалық пәндік кабинеттер жаңа заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Материалдық-техникалық базасы заман талабына сай келетін 200 орындық жатақхана шалғай елді мекеннен келген жас өрендерді қабылдауға дайын.

«Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академия бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдайды.Мұнда бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және фитнес залы орналасқан. Сондай-ақ үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек, үстел теннисі залдары бар. Барлық залда ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған. Көркемдік-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.

Барлығының да іші-сырты қоңақтар көңілінен шықты. Шындығын айтқанда олар таңданыстарын жасыра алмады.

# ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰРМЫСТЫҚ ЕМЕС МҰҚТАЖДАР ҮШІН ПАЙДАЛАНАТЫН ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ КЕЛІСІМ-ШАРТЫ

Қызылорда қ-сы « \_\_\_\_» \_\_\_\_ 20 \_\_ж.

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы, «18» желтоқсан 2024ж. №24035430 лицензияға сәйкес тұтынушыларды электрмен жабдықтауды жүзеге асырушы, бұдан әрі Сатушы деп аталатын, Б.К.Каракозов атынан, Жарғы негізінде әрекет етуші, бір жағынан және бұдан әрі Тұтынушы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты) \_\_\_\_\_ немесе \_\_\_\_\_ негізінде әрекет етуші оның өкілі \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты) \_\_\_\_\_

бұдан әрі Тараптар деп аталатындар төмендегілер туралы осы электрмен жабдықтау шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

#### 1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) есептік кезең – тұтынылған электр энергиясы есепке алынатын және тұтынушыға төлеу үшін ұсынылатын электрмен жабдықтау шартымен айқындалатын уақыт кезеңі;

2) тұтынушы – шарт негізінде электр энергиясын тұтынатын жеке немесе заңды тұлға;

3) коммерциялық есепке алу аспабы – электр қуатын, электр энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;

4) электр энергиясының коммерциялық есепке алу жүйесі – электр энергиясы мен қуаты шығынын анықтауға арналған коммерциялық есепке алу құралдарының жиынтығы (электр энергиясын есептеуіш, ток пен кернеудің өлшеу трансформаторлары) және өзара белгіленген схема арқылы жалғанған құрылғы (коммутиациялық аппарат);

5) электр энергиясын сату нүктесі – энергиямен жабдықтаушы ұйыммен электр энергиясын беру туралы шарты бар энергия беруші ұйымның жауапкершілігі шекарасында орналасқан нүкте.

Осы Шартта қолданылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының электр энергетикасы мен табиғи монополиялар саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

#### 2-тарау. Шарттың мәні

2. Сатушы сату нүктесіне дейін Тұтынушыға электр энергиясын беруге міндеттенеді, ал Тұтынушы осы Шарттың тәртібі мен талаптарына сәйкес тұтынған электр энергиясы үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

3. Шарт Тұтынушымен оның Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тікелей электр желілеріне қосылған жабдығы мен коммерциялық есепке алу аспаптары болған жағдайда ғана жасалады.

#### 3-тарау. Тұтынылатын электр энергиясын есепке алу

4. Сатушы берген және Тұтынушы

қабылдаған электр энергиясының көлемі коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткішімен, ал олар болмаған немесе уақытша бұзылған кезде – есептік жолмен анықталады.

5. Электр энергиясын рұқсатсыз тұтынуға жол бермеу мақсатында электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесінде энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның пломбалары болуға тиіс.

6. Коммерциялық есепке алу аспаптарының саны осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес коммерциялық есепке алу аспаптарының тізбесінде көрсетіледі.

7. Коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу кезінде Тұтынушының өзіне-өзі қызмет көрсетуіне жол беріледі. Көрсеткіштерді алу және төлем құжаттарын төлеу кезінде Тұтынушы жіберген қателерді Сатушы және (немесе) энергия беруші ұйым олардың анықталуы бойынша алты айдан аспайтындай мерзім ішінде есепке алады.

8. Тұтынушы кезекті жылға электр энергиясын тұтыну шамасын анықтау үшін жеткізу жылының алдыңғы жылы басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр энергиясын беру туралы алдын ала өтінім береді.

#### 4-тарау. Электр энергиясы үшін ақы төлеудің тәртібі

9. Тұтынушылар төлем құжатын ұсынған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде немесе Тұтынушы мен Сатушы арасындағы келісім бойынша Шартта келісілген мерзімде төлемді өтейді. Заңды тұлға болып табылатын Тұтынушы алдыңғы айдың 26-күніне (жиырма аттысына) дейін осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысанда электр энергиясын жеткізу туралы алдын ала өтінімді Сатушыға береді және келіседі. Егер төлемнің соңғы күні жұмыс күні болмаса, онда ең жақын келесі жұмыс күні мерзімнің аяқталу күні болып есептеледі.

Смарт-картасы бар коммерциялық есепке алу аспаптарын қолдануға негізделген электр энергиясының автоматтандырылған коммерциялық есепке алу жүйесі болған жағдайда, Тұтынушы тұтынған электр энергиясы үшін төлемді төлем құжатынсыз өз бетінше анықтаған көлемде өтейді.

10. Жаңа тарифтерді қолданысқа енгізу тұтынушыларға 3 (үш) күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алдын ала хабарлағаннан кейін жүзеге асырылады және осы шартты қайта жасасу үшін негіз болып табылмайды.

10-1. Егер тұтынушы электрмен жабдықтау шартының талаптарын бұзғаны үшін ажыратылса, онда оны қосуды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым

тұтынушының бұзушылықтарды жоюды және қосу үшін қызметке ақы төлеуді растайтын құжаттары қоса берілген өтінішін бергеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

10-2. Тұтынушылар төлем құжаттарын пошта байланысы, интернет-ресурсы арқылы, энергиямен жабдықтаушы ұйымның персоналы немесе бірінғай есеп айырысу ұйымы арқылы алады.

Тұтынушының жазбаша келісімі болған жағдайда интернет-ресурс арқылы ғана алуға жол беріледі.

10-3. Тұтынушылар кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын шарт акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлермен) электр энергиясын жеткізуді тоқтату (шектеу) туралы хабарлама алады.

#### 5-тарау. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

11. Тұтынушы:

1) жасалған шартқа сәйкес электр энергиясын алуға;

2) жасалған шарттың талаптарына сәйкес энергия өндіруші, энергия беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан электр энергиясын жеткілісіз жеткізуден немесе сапасыз жеткізуден келтірілген нақты залалды өтеуді талап етуге;

3) шарт жасасуға және оны орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сотқа жүгінуге;

4) тұтынылған электр энергиясы үшін ақы төлеуді сараланған тариф бойынша жүргізуге;

5) Сатушыны күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар ету және тұтынылған электр энергиясы үшін толық ақы төлеу талабымен Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

6) тұтынылған электр энергиясының көлемі бойынша есептеулерді егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, төлем құжатын Сатушыдан талап етуге;

7) қызмет көрсетуші энергиямен жабдықтаушы ұйымды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жаңа энергиямен жабдықтаушы ұйымға ауыстыруға құқылы.

12. Тұтынушы:

1) тұтынушылардың меншігіндегі электр және энергия қондырғыларының және коммерциялық есепке алу аспаптарының тиісінше техникалық жай-күйін ұстап тұруға, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес олардың техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды орындауға;

2) электр энергиясын сатып алу-сату шартында айқындалған энергия тұтыну режимдерін сақтауға;

3) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының стандарттық жиілігін ұстап тұруға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға;

4) жасалған шарттарға сәйкес босатылған, берілген және тұтынылған электр энергиясының ақысын уақтылы төлеуге;

5) энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші ұйымдардың жұмыскерлерін коммерциялық есепке алу аспаптарына, сондай-ақ мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның жұмыскерлерін, жергілікті атқарушы органдардың уәкілетті өкілдерін электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйін және пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жіберуге міндетті.

#### 6-тарау. Сатушының құқықтары мен міндеттері

13. Сатушы, энергия беруші ұйымды қатыстыру арқылы:

1)Тұтынушы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кем емес тұтынушыға хабарлама жіберу фактісін растауға мүмкіндік беретін шарттың акцептінде (электрондық поштамен, факспен, пошта жөнелтілімімен, қысқа мәтіндік хабарламамен, мультимедиялық хабарламамен, қолданыстағы мессенджерлерді пайдалану) көрсетілген тәсілдермен Тұтынушыны ескерте отырып:

- шартта белгіленген мерзімде электр энергиясы үшін төлем болмаған, сондай-ақ толық төленбеген;

- шартта белгіленген электр тұтыну режимі бұзылған жағдайларда электр энергиясын беруді толық немесе ішінара тоқтатуға;

2)шартты жасаумен немесе орындаумен байланысты даулы мәселелер туындағанда сотқа жүгінуге құқылы.

14. Сатушы:

1) жасалған шарттарға сәйкес электр энергиясын беруге;

2) Тұтынушыға келтірілген нақты залалды толық көлемде өтеуге;

3) Тұтынушыға хабарлама жіберу фактісін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен төлемегені үшін электр энергиясын беру тоқтатыла тұрғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Тұтынушыны хабардар етуге;

4) Тұтынушыны электрмен жабдықтау қызметтерінің тарифтері, олардың өзгеруі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында кемінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарландыру орналастыру арқылы, сондай-ақ төлем құжаттарындағы осы өзгерістер туралы ақпаратты көрсете отырып хабардар етуге;

5) Тұтынушыдан өзіне берілген электр энергиясы үшін өз кассалары арқылы, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлемдерді қабылдауды қамтамасыз етуге;

Бұл ретте Тұтынушыдан өзіне берілетін электр энергиясы үшін интернет-ресурстар немесе терминалдар, төлем агенттері, төлем ұйымдары сияқты қосымша көздер арқылы төлемдер қабылдауға жол беріледі;

6) тұтынылған электр энергиясы үшін төлем құжатын Тұтынушыға ай сайын ұсынуға;

7) энергия беруші ұйымдар тарапынан жабдықты жөндеу және жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізуге байланысты электр энергиясын берудің жоспарланған тоқта-

тылғаны туралы тұтынушыны ажыратқанға дейін 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге;

8) табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісілген тарифтер бойынша электр энергиясын беруге міндетті.

#### 7-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

15. Электрмен жабдықтау шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, тараптар нақты келтірілген зиянды өз еркімен өтеуге немесе келіспеген жағдайда сот шешімі бойынша өтеуге міндетті.

16. Тараптар форс-мажор (зілзалалар, әскери әрекеттер, террористік актілер) жағдайларынан туындаған, сонымен қатар тараптардың еркінен тыс болған түрлі (электр беру желілерінің және басқа жабдықтардың зақымдалуы немесе ұрлануы) жағдайларда электр энергиясын берудегі үзілістер үшін материалдық жауапты болмайды.

17. Тараптар өздерінің атаулары, заңды мекенжайлары, нақты тұрғылықты жерінің және осы Шарт талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелерінің өзгергені туралы бір-біріне жедел түрде хабарлауға міндеттенеді.

#### 8-тарау. Қорытынды ережелер

18. Шарт Тұтынушы қосылған желіге нақты қосылған сәттен бастап жасалған және бір жыл мерзімге жарамды болып есептеледі.

Тараптардың бірінің мерзімнің аяқталуы туралы Шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған кезде, ол белгіленбеген мерзімге және оны жасасу кезінде Шартта көзделген талаптарда ұзартылған болып есептеледі.

19. Осы Шарттың талаптарын орындауға байланысты Сатушы мен Тұтынушы арасындағы даулы мәселелер туындаған жағдайда, Сатушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде даулы мәселені өз еркімен шешу үшін Тұтынушыға хабарлайды. Өзара келіспеген жағдайда, даулы мәселелерді шешу осы Шартты орындау орны бойынша сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

20. Шартқа тараптардың келісуі мен енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Шарттың ережелеріне қайшы келмеуі тиіс, олар қосымша келісім түрінде ресімделеді, тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылып, заңнамада белгіленген тәртіп бойынша ресімделеді.

#### 9.ТАРАПТАР ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«Сатушы» – «ҚЭТТК» АҚ «Тұтынушы» Мекенжай: Қызылорда қаласы, Өйтеке би қ-сі 25 БСН961140000212 ЖСК КЗ846010201000033108 «Народный Банк Казахстана» АҚ БСК HSBKКЗКХ Тел. 8 /7242/ 400-660

| «ҚЭТТК» АҚ-ның Басқарма Төрағасы Б.К.КАРАКОЗОВ | «Тұтынушы» |
|------------------------------------------------|------------|
| М.О.                                           | М.О.       |

|                                                                                                                                  |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <i>Электр энергиясын тұрмыстық емес мұқтаждар үшін пайдаланатын тұтынушыларға арналған электрмен жабдықтау шартына 1-қосымша</i> |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

| №   | Атауы | Есептеуіші типі | Зауыттық нөмірі | Ток трансформаторлары | Көэффициентті есептеу |
|-----|-------|-----------------|-----------------|-----------------------|-----------------------|
| р/р |       |                 |                 |                       |                       |
|     |       |                 |                 |                       |                       |

|                                         |           |
|-----------------------------------------|-----------|
| Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым/ | Тұтынушы: |
| М.О.                                    | М.О.      |

| ТҮЗЕТУ                                                                                                                                                | ИСПРАВЛЕНИЕ                                                                                                                          |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| «Ақмешіт ақшамы» газетінің 2025 жылдың 12 маусымында жарық көрген 23 нөмірінің 6-бетінде жарияланған «ХАБАРЛАНДЫРУДАҒЫ»                               | Строки в «ОБЪЯВЛЕНИИ», опубликованном на странице 6 № 23 газеты «Ақ мешит ақшамы» от 12 июня 2025 года:                              |
| - 2025 жылғы 24 маусым сағат 10-00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, А.Иманов көшесі, 38 (Жыраулар үйі);                            | - 24 июня 2025 года, в 10.00 часов - Кызылординская область, Кармакшинский район, поселок Жосалы, ул. А.Иманова №38 (Жыраулар үйі);  |
| - 2025 жылғы 24 маусым сағат 15-00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі,11 («Руханият орталығы»);                     | - 24 июня 2025 года, в 15.00 часов - Кызылординская область, Жалагашский район, поселок Жалагаш, ул. Желтоқсан №11 (центр Руханият); |
| - 2025 жылғы 24 маусым сағат 17-00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Терөзек кенті, Қонаев көшесі, 8 (Мәдениет үйі)                               | - 24 июня 2025 года, в 17.00 часов - Кызылординская область, Сырдаринский район, поселка Теренозек, ул. Конаева №8 (Дом культуры)    |
| - 2025 жылғы 26 маусым сағат 15-00-де Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі, 24 (Достық үйі) деген жолдар                                                   | - 26 июня 2025 года, в 15.00 часов - г.Кызылорда, ул. Жахаева, 24 (Дом дружбы) заменить строками:                                    |
| - 2025 жылғы 24 маусым сағат 15-00-де Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі, 24 (Достық үйі),                                                               | - 24 июня 2025 года, в 15.00 часов - г.Кызылорда, ул. Жахаева, 24 (Дом дружбы).                                                      |
| - 2025 жылғы 26 маусым сағат 10-00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, А.Иманов көшесі, 38 (Жыраулар үйі);                            | - 26 июня 2025 года, в 10.00 часов - Кызылординская область, Кармакшинский район, поселок Жосалы, ул. А. Иманова №38 (Жыраулар үйі); |
| - 2025 жылғы 26 маусым сағат 15-00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі, 11 («Руханият орталығы»);                    | - 26 июня 2025 года, в 15.00 часов - Кызылординская область, Жалагашский район, поселок Жалагаш, ул. Желтоқсан №11 (центр Руханият); |
| - 2025 жылғы 26 маусым сағат 17-00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Терөзек кенті, Қонаев көшесі, 8 (Мәдениет үйі) деген жолдармен ауыстырылсын. | - 26 июня 2025 года, в 17.00 часов - Кызылординская область, Сырдаринский район, поселка Теренозек, ул. Конаева №8 (Дом культуры)    |

#### Электр энергиясын тұрмыстық емес мұқтаждар үшін пайдаланатын тұтынушыларға арналған электрмен жабдықтау шартына 2-қосымша

Кімге«ҚЭТТК» АҚ кімнен (ұйым атауы)

Электр энергиясын беру туралы алдын ала өтінім Мен, \_\_\_\_\_, Сізден электр энергиясын \_\_\_\_\_ көлемде аралығында алдын ала беруіңізді сұраймын.

| № | Айлар   | кВт*с   |
|---|---------|---------|
|   | Цифрмен | Жазбаша |
| 1 | кантар  |         |
| 2 | ақпан   |         |
| 3 | наурыз  |         |
| 4 | сәуір   |         |
| 5 | мамыр   |         |

|          |
|----------|
| Тұтынушы |
| М.О.     |

# ОБЛЫСТЫҚ СОТТА СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотында әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының ұйымдастыруымен семинар өткізілді.

Оған Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ө.Шығамбаев, әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Оспанова, судьялар Ш. Маликова, К. Каниева, әкімшілік істер жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы Г. Мырзатаева мен аталған соттың судьялары қатысты.

Алқа төрағасы Ж.Оспанова әкімшілік істерді қарау тәжірибесіне тоқталып, сот практикасында жиі кездесетін негізгі мәселелерді атап өтіп, сот төрелігін тиімді жүзеге асыру мақсатында әкімшілік процестің әрбір сатысында заң талаптарын қатаң сақтау қажеттігін атап өтті.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Әкімшілік істер бойынша сот шешімі туралы» Нормативтік қаулысы талқыланып, аталған қаулының талаптары әкімшілік істер бойынша біркелкі сот практикасы қалыптастыруға бағытталғаны айтылды.

Әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының судьясы Ш.Маликова әкімшілік істерді қарау барысында жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау қағидаттарының сақталуы маңызды екендігін атап өтіп, осы бағыттағы оң өзгерістерге тоқталды.

Семинарға қатысушылар сот актілерін дайындау барысында жоғарыда көрсетілген Нормативтік қаулының талаптарын сақтау қажеттілігін тілге тиек етті.

#### Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі



## ТАЗАЛЫҚ - ТӘРТІП БАСТАУЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 шілдедегі №112 шешімімен облыс аумағын абаттандыру қағидалары қабылданған болатын. Негізгі мақсат тұрғындар үшін қауіпсіз, таза, жайлы және тартымды орта қалыптастыру. Бұл талаптар Қызылорда облысындағы барлық заңды және жеке тұлғаларға қатысты.

Қағидада аумақты күтіп ұстау мен абаттандырудың негізгі талаптары бекітілген. Тазалық сақтауды, іргелес аумақты, ғимараттың қасбетін күтіп ұстауды, көгалдандыруды, инфрақұрылым тетіктерін күтіп-баптауды, құрылыс барысында және одан кейінгі тәртіпті қамтамасыз етуді, балалар алаңдары мен уақытша құрылыстардың жайын, жануарларға арналған орындар мен қоқыс жинау тәртібін қамтиды.

Бұл өңіріміздің келбеті мен тұрғындардың өмір сапасы үшін өте маңызды. Сондықтан барша жұртшылық белсенділік танытып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауы керек.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен тазалық жұмыстары, ғимараттарды күтіп ұстау мен абаттандыру мәселелері талқыланған жиын өтті. Басқосуға жауапты сала басшылары қатысып, алдағы бағыт-бағдар белгіленді.

Бұл ретте аудан, қала әкімдері де тазалыққа, абаттандыруға белсене араласуда. Мәселен Сырдария аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі, аудандық полиция бөлімі қызметкерлері мен Тереңөзек кенті әкімі аппараты

505-бабы бойынша шаралар қарастырылғандығы туралы кәсіпкерлік нысан иелеріне түсіндірді. Тиісті талаптар сақталмағанда айыппұлдар салынатыны ескертілді.

Тазалық – тәртіптің бастауы. Өз кәсіпкерлік нысандарының маңын, ауласын, көшесін жинап, шашылған



Қоршаған ортаның, қала мен ауылдың тазалығын сақтау, келбетін көркейту жұмыстарының барлығы онда тұратын тұрғындар игілігі үшін жасалатыны белгілі. Айналамыздың әсем де көрікті, заманауи талапқа сай болғаны барлығымыз үшін маңызды. Ортақ үйіміздің абаттандырылуына, тазалығына баршамыз жауапты болғанда ғана қаламыз бен ауылдарымыз бүгінгіден де көркейе бермек. Осындай игі шаралардың арқасында қоғамда айналаны лаптамау, жанашырлық таныту, туған жерге деген сүйіспеншілікті іспен көрсету туралы жаңа түсінік орнығып келеді.

мамандары бірлесіп, аудан орталығында орналасқан бірқатар кәсіпкерлік нысандарды аралап, көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазалық сақтау және ғимараттарының қасбетін ретке келтіру бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Жұмысты топ Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 24 шілдедегі № 112 «Қызылорда облысындағы қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» шешімінің талаптары бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің

қоқыстарды контейнерлерге тастау арқылы қоршаған ортаның тазалығына атсалысу – барша кәсіпкерлердің айнаымас міндеті болып табылады.

Жалағаш ауданы әкімі Ардақ Ибраимов та «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында аумақтарды абаттандыру мен санитариялық тазалық жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында құрылған жұмысшы топпен бірге жүргізіліп жатқан шаралардың орындалу барысын аралап көрді.

Аудан әкімі рұқсатсыз төгілген қалдықтарды жою, жасыл желектерді күтіп-баптау, аулаларды абаттандыру және көше бойындағы көркейту жұмыстарын аралап көріп, жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктеді. Сонымен қатар, меншік түріне қарамастан барлық нысан иелеріне «Таза Қазақстан» акциясы аясында аумақтарды абаттандыру мен санитарлық тазалықты сақтау тәртібі түсіндірілді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады. Айта кетейік, Қызылорда облыстық мәслихатының №112 шешімімен қабылданған облыс аумағын абаттандыру қағидалары барлық жеке және заңды тұлғаларға қатысты. Онда аумақты тазалау, ғимарат қасбетін күтіп ұстау, көгалдандыру, құрылыс барысындағы тәртіп, балалар алаңдарын, жануарларға арналған орындарды және қоқыс жинау тәртібін сақтау міндеттері нақты көрсетілген.

## ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Еліміздің “Жаңа Қазақстан” құрудағы негізгі бағыты – Әділдік. Әділдік үстем болуы үшін заң мен тәртіп елдің бәріне бірдей болуға тиіс. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өз Жолдауында: “Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз” деп анық көрсетті. Осы ретте қаладағы кей тұрғындар тарапынан құрылыс салғанда, көсіп ашқанда жаяу жүргіншілер жолына шығып кету, өзіне заңды тиесілі емес жерді иелену жағдайлары кездесіп жатады. Әрбір заң, тәртіп бұзушылықтың ар жағында өзге адамның мүддесіне, мүлкіне зиян болып жатады. Содан да қалада заң бұзушылыққа жол берілмейді.

Мәселен аймақ басшысының тапсырмасымен құрылған арнайы жұмысшы топ бұған дейін де «Арай» шағын ауданындағы Текей батыр және Ж. Әбдіреев көшелері бойындағы кәсіпкерлік нысандарды аралап, көшенің құрылыс салу сызығын бұзып, мемлекет жерін заңсыз иеленіп отырғанын анықтаған болатын.



Енді тағы да Ж. Әбдіреев көшесі 9, 11, 17 а мекенжайларында құрылыс салу заңдылығы бұзылған жағдайлар анықталды. Мысалы, «Табын» құрылыс заттары орталығы тиісті аумағынан асып, заңсыз құрылыс жүргізген. Көшенің бетін жауып, құрылыс материалдарын тысқары шығарған. Сол секілді осы нысанға көрші азық-түлік дүкенінің иесі де заңсыз құрылыс жүргізу салдарынан жаяу жүргіншілер жолын бөгеп отыр. Ал, аталған көшенің 17 «а» мекенжайында орналасқан сауда орталығының иесі тиісті рұқсат қағаздарын рәсімдемей, дүңгіршек орналастырған. Дәл осындай жағдайды Астана даңғылы 37 мекенжайындағы «Айзере» кафеінің иесі де қайталып отыр.

Заң бұзушылыққа жол берген кәсіпкерлерге ескертпе беріліп, шара қолдану үшін Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет және қала құрылысы бақылау басқармасына жолданды. Тексеру жұмыстары жалғасуда.

## ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалың қоспасын, қыздырылатын темекі бұйымдарын, электронды темекі мен оларға арналған сұйықтықтарды қоғамдық орындарда тұтынуға қатаң тыйым салынады. Осыған орай Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы мобильді топ Қызылорда облыстық полиция департаментімен бірлесіп меншік нысанына қарамастан барлық ойын-сауық орындарында — мейрамханалар, кафелер, барлар және басқа да қоғамдық орындарда қалың шегудің алдын алу мақсатында күнделікті рейдтік іс-шаралар жүргізіп келеді. Сонымен

**Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:**

“Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел. Сондықтан біз өркениетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Мен бұл туралы Ұлттық құрылтайдың отырысында айттым. Елдің болашағына кесірін тигізетін бес кеселге тоқталдым. Содан бәрі біршама жұмыс атқарылды. Вандализмге, лудоманияға тосқауыл қоятын заңдар қабылданды. Вейпке, яғни электронды темекіге тыйым салынды. Қабылданған шаралардың нәтижесі қазірдің өзінде көрініп жатыр. Әлеуметтік кеселдің бірімен тұтас жұрт болып жұмыла күресу қажет”.

*Мемлекет басшысының халыққа Жолдауынан*



қатар жол қозғалысы ережелерінің сақталуына бақылау да күшейтілді.

Қызылорда қаласында жүргізілген рейд барысында ҚР ӘҚБтК-нің 441-бабына сәйкес, қоғамдық орындарда

темекі және қалың шегуге қатысты заң талаптарын бұзған азаматтарға әкімшілік хаттамалар рәсімделді.

Бұл жұмыстар одан әрі де күнделікті жүргізілетін болады.

## МҰҚТАЖДАРҒА ӘДІЛ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ЖҮЙЕ

FSM Social – әлеуметтік қолдаудың тиімділігін арттыруға бағытталған цифрлық жүйе. Бұл жүйе арқылы мұқтаж азаматтарға қолдау көрсету процестері жедел, әділ және сапалы жүзеге асады.

Шиелі ауданында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бастамасымен енгізіліп жатқан осы FSM Social ақпараттық жүйесіне байланысты ауқымды түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды.

Аудандық Салтанат сарайында өткен жиынға аудан әкімінің орынбасары Бағлан Сағындықов, Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған Отбасын қолдау орталықтарының жұмысын жетілдіру жөніндегі жобалық кеңсесінің басшысы Фарида Сағындық, республикалық жобалық кеңсесінің үйлестірушісі Тимур Мұратов, сондай-ақ облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Азамат Мыңбаев қатысты.

Жиын барысында салааралық мобильдік жұмысшы топ



FSM Social жүйесінің артықшылықтары мен қызмет көрсету тәртібі жөнінде кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Іс-шараға ауданның білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау саласының қызметкерлері белсенді қатысты.

Түсіндірме жұмыстары аудан көлемінде алдағы уақытта да жалғасын табады.

## ТАЗАЛЫҚ ТАЛАПҚА САЙ МА?

**Арал ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Аманжол Оңғарбаевтың төрағалығымен «Таза Қазақстан» бағдарламасының ауданда жүзеге асырылу барысы талқыланды.**

Тазалық мәселесіне қатысты талаптың ешқашан босаңсымайтынын айтқан аудан әкімі өңірлердегі ахуал жіті бақылауда болса да кемшіліктер ішінара байқалып жатқанын ашық айтты. Әсіресе ауданға қарасты ауылдарда экологиялық, санитарлық тазалық мәселесі талапқа сай болмай тұр. Кейбір әлеуметтік нысандардың да жағдайы сын көтермейді.

Осы және өзге де кемшіліктерді жіпке тізген аудан басшысы ауданға қарасты бірнеше ауылдардағы кемшіліктерді арнайы слайд арқылы көрсетіп, жауаптыларға олқылықты

қысқа мерзім ішінде қалпына келтіруді тапсырды.

– Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысының бастамасымен өткен жылдан бастап «Таза Қазақстан» бағдарламасы іске асырылуда. Ел Президенті өз Жолдауында «бұл уақытша акция емес, маңызды жоба жыл бойы жалғасуы тиіс» - деп атап өткен болатын. Сондықтан да, бағдарламаның нәтижелі іске асырылуы қатаң бақылауда болады. Осы ретте, Арал қаласы, кент және ауылдық округ әкімдері осы бастан тазалық жұмыстарын жандандыру маңызды, – деді аудан әкімі.

Жиын барысында ауылдық округтердегі әлеуметтік нысандардың қас-келбеті мен көшелердегі түрлі хабарландыру тақтайшалары, туризм объектілері мен қоқыс полигондарының қазіргі жай-күйі де назардан тыс қалмады. Кейбірі бойынша кемшілік-

тердің өлі де анықталып жатқаны сөз болды. Осы мәселені сын садағына алған аудан әкімі мәселеге жүрдім-бардым қарап, жауапсыздық танытып жүрген мекеме басшылары мен қала, кент, ауылдық округ әкімдеріне қатаң шаралар қабылданатынын атап өтті.

Кемшіліктер бойынша жұмысты жандандыруды айтқан аудан басшысы жауаптыларға бірқатар тапсырмалар жүктеп, олардың уақытылы орындалуына бақылу жасауды аудан әкімінің орынбасарларына тапсырды.

Аудан әкімі Аманжол Сақыпұлы жиын соңында ағымдағы жылдың 22 маусымы мен 1 шілде аралығында өтетін Арал ауданының аумақтық қорғаныс батальонымен 10 күндік арнайы тактикалық оқу-жаттығу жиынына дайындық барысын пысықтап, жауаптыларға тиісті тапсырмалар жүктеді.

## ЖЕРГЕ МОНИТОРИНГ КҮШЕЙЕДІ

**Қармақшы ауданы әкімінің міндетін атқарушы Шыңғыс Әбділәмитұлының төрағалығымен кезекті жұмыс мәжілісі өткізілді. Жиын барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысы мен бірқатар сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жан-жақты талқыланды.**

Мәжілісте алдымен ауданның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері мен қаржы игерілуі жайында жыл басынан бергі мәліметтер ұсынылып, бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты игерілуі туралы есеп берілді.

Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы - Жылтыров Бақытбек аудандағы қызметтік, коммуналдық және арендалық тұрғын үйлердің жай-күйі туралы баяндады.

Сонымен қатар егін егу жұмыстары, жер учаскелерін сауда-саттық арқылы айналымға енгізу және пайдаланылып жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бағытында жүргізіліп жатқан шаралар баяндалды. Осыған сәйкес, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану мен мониторинг жұмыстарын күшейту тапсырылды.

Жиын қорытындысында аудан аумағындағы санитарлық тазалық жұмыстары бойынша қалдықтарды шығару, абаттандыру, көгалдандыру және тұрғындардың санитарлық мәдениетін арттыру міндеттері де сөз болды.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Ш.Әбділәмитұлы жиында қозғалған мәселелер бойынша жауапты бөлімдерге нақты тапсырмалар жүктеп, аталған бағыттар аясында жұмысты жүйелі жалғастыруды тапсырды.